



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ


ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

• МӘСЕЛЕ

«Көбелек балаларға» көмек керек

Елімізде «орфандық» немесе «сирек» деп 10 мың адамның біреуінде ғана кездесетін ауруды айтады. Бүгінде әлем бойынша сирек кездеседі деген 7 мыңнан астам ауру түрі тіркелген. Былтырғы жылғы дерекке сүйенсек, елде 27 мыңнан астам адам сирек кездесетін ауруға шалдыққан. Ересектерді қоса есептегенде жалпы саны 40 мыңнан асады.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрлігінің «Орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесін бекіту туралы» бұйрығында 66 сирек кездесетін ауру түрі аталады. Оның көбісі – генетикалық сипаттағы, өзін-өзі күтуге мүмкіндік бермейтін созылмалы аурулар. Мұндай аурулардың 50%-ында

козғалыс, сенсорлық немесе интеллектуалдық жетіспеушілік байқалса, 9% жағдайда іс-әрекет қабілеті мүлдем жоқ. Буллезді эпидермолиз – осы тізімдегі аурулардың бірі. Мұндай науқастардың терісі көбелектікіндей жұқа әрі нәзік болғандықтан, оған шалдыққан адамдарды «көбелек» дейді. «Көбелек балалар» қоғамдық қоры мамандарының айтуынша, бұл балалар үшін теріге әрбір жанасу

ұзақ уақыт емделетін ауыр жараға әкелуі мүмкін. Ауру емделмейді. Тек үнемі күтім жасау, теріні арнайы таңғыштармен таңу арқылы ауруды жеңілдетуге болады. Облыстың денсаулық сақтау басқармасы берген дерегінше, аймақта 37 бала орфандық ауруларға шалдыққан. Оның ішінде, буллезді эпидермолиз диагнозы қойылған тоғыз бала бар.

► 2-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«AMAZON» Нұрымды таңдады

IT бағдарламасы бойынша оқитын еліміздің техникалық жоғары оқу орындарының 100-ден астам үздік студенттері мен магистранттары «Amazon» корпорациясының флагмандық жобаларының біріне тікелей қатысуға бірегей мүмкіндік алды. Жүздің ішінде Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінен 10 адам бар.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Жобаға қатысу қорытындысы бойынша «Ақпараттық-есептеу жүйелері» кафедрасының «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының екінші курс магистранты Нұрым Сатыбалды «OpenSearch» жобасы болашақта тағылымдамадан өту немесе «Amazon» компаниясына жұмысқа орналасу мүмкіндігін алды.

Жобада жұмыс істеген Нұрым Сатыбалды шеберлігі мен инновациялық

қабілетін көрсетіп, «Amazon» компаниясынан ұсыныс хат алған ТОП-10 қатысушының қатарына енді. Ол тәжірибе мен жаңа дағдыдан бөлек, халықаралық жобалармен жұмыс істеу портфолиосында трек рекордын (басқару нәтижелері) жасауға, аталған компанияның мамандарымен тиімді байланыс орнатуға қол жеткізді.

«OpenSearch Amazon» жобасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Amazon» компаниясы арасындағы меморандум аясында жүзеге асырылғанын атап өту керек.



• ҚАУІПСІЗДІК

Сақтандыру кәсіпорынның мойнында

1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанда 3,2 миллионнан астам жұмыскер өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандырылған. Дегенмен, жазатайым оқиға кезінде азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғауды іске асыратын тиісті шарттар кәсіпорындардың тек 53,1 пайызында жасалған деп мәлімдеді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың осы бағыттағы жұмысты күшейту туралы тапсырмасына сәйкес өңірлердің мемлекеттік еңбек инспекторлары жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының талаптарын сақтау қажеттілігі туралы 125 мыңнан астам хабарлама жолдады. Аталған шарттың орындалмауы осы кәсіпорындарды тиісті тексерулер жүргізу үшін профилактикалық бақылау тізімдеріне автоматты түрде қосуға негіз болады.

Облыстың еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма ұсынған дерек бойынша өткен жеті айда 80-ге жуық жазатайым оқиға тіркеліпті. Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші қызметкерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға міндетті екенін есте ұстаған жөн.

• КӨКЕЙКЕСТІ

Арзан күлкіге құмар аудитория қалай қалыптасты?

«Тойдың тамашасын бақпа, тағылымын бақ» деген ел едік. Қазіргі тойымызда тағылым жоқ. Шоумендер есірді. Жұрт та есіргеннің жетегіне еріп, айтқанына көніп тұр. Ойнап, күлемін деп қариялардан – қадір, қыздардан – қылық, жігіттерден – айбат кетті. Салт-дәстүріміз тойхананың босағасынан сығалап қалды. Ұлтымыздың ұлылығын айшықтайтын қасиетті тіліміз дүбэраланды. Тойымыздың сәні де, мәні де жоғалғандай.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Беташар айтылмауға айналды

Осыдан бірер жыл бұрын «беташарды плюспен айтады» деп дүрліккен едік. Бүгінде сол «беташаристермен» де жы-

лап қауышатын күнге жеткендейміз. Қазір кейбір тойда беташар мүлде айтылмайды. «Келіннің беті үйде ашылған шығар?» деп ойлайсыз ғой. Жоқ, үйде де рәсім жасалмаған. Той тізгінін алған шоумен талап етпейді. «Апама жездем сай» дегендей, «Зачем, оның бәрі старое» деп, той иелері де қолды бір-ақ сілтейді екен. Олар

осы әрекеті арқылы ұлттың салт-дәстүріне балта шапқанын түсінбейді, ойламайды. Әулеттің балалары да ертең көргенін істейді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің». Ескі мен ұлт болмысының өзегіндей дәстүрді ажырата алмайтын ақылдарының таяздығы ма екен? Әлде, жөн сілтейтін қарияның жоктығы ма екен?

► 6-бет



• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Білімді жерде қалмайды

Осы жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің 3-кезеңі басталады. Бұған дейін өткен екі кезеңде облыстан дарынды, бастамашыл, жанаша ойлайтын 350 жас іріктеуден өтіп, резервке алынған болатын. Бүгінде олардың 264-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторда жұмыс істейді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу мәселелерімен бөлісті.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекеттік басқарудағы жағдай мемлекеттік қызметке жас әрі талантты кәсіпқойларды тартуды, басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыруды талап етіп отыр. Бұған дейін екі рет іріктеу өтті. 2019 жылы өткізілген іріктеу бойынша облыстан резервке – 300, 2021 жылы 50 адам алынды. Олардың 128-і – орталық мемлекеттік органдарда, 38-і – жергілікті атқарушы органдарда, 57-сі – ұлттық компанияларда, ал, 41 жас өзге ұйымдарда табысты қызмет етуде, – дейді Ербол Қабдығалиұлы.

Департамент басшысының айтуынша, іріктелген жастардың арасында ел игілігі жолында жоғары лауазымда қызмет істеп жүргендері де бар екен. Мәселен, 31 адам саяси лауазымға, 6 жас «А» корпусының лауазымына тағайындалған. Тіпті, біреуі – Мәжілісте, екеуі – мәслихат депутаты.

Президенттік жастар кадр резервіне ілігу жастар үшін жақсы мүмкіндікпен қатар, мансап жолында көтерілуге жол ашатынын да айту керек. Яғни, резервке іліккен жас жерде қалмайды. Оған іріктелген резервшілер мемлекеттік органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен қоғамдық кеңестер жұмысына да белсенді атсалысып, үлестерін қосып жүргені дәлел. Оның үстіне, түрлі деңгейдегі лауазымдарға да бірінші ұсынылатыны да осы жастар. Агенттіктің алдындағы мақсат аталған жастардың әлеуетін толық



пайдалану.

Баспасөз мәслихатында Ербол Қабдығалиұлы биылғы өтетін үшінші кезеңде қай салаға ерекше көңіл бөлінетінін де айтты. Департамент басшысының айтуынша, үшінші кезеңде іріктеу мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, мақсатты түрде жүреді.

– Биыл іріктеу инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат және инвестициялар, экономикалық және қаржылық саясат, цифрландыру, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам сияқты салаларды қамтиды. Бұл ретте, үміткерлермен әңгімелесу кезеңіне міндетті түрде салалық

орталық органдар қатысады, – дейді Ербол Жолданғар.

Ал, үміткерлерге қойылатын талаптар өзгеріссіз. Яғни, жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі бар ел азаматы болуы тиіс. Одан бөлек, 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі және мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгеруі тиіс. Іріктеу Президент Жар-

білетін анықтауға бағытталған екі бөлек тестілеу блогынан тұрады. Әр тестілеудің ұзақтығы – 25 минуттан аспайды. Аудиобейне жазбамен өтетін тестілеу прокторинг жүйесімен қадағаланады, – дейді Ербол Жолданғар.

Үшінші, ситуациялық тапсырмалар кезеңінде үміткерлер өздері таңдаған салалық бағытқа байланысты нақты проблемаларды шешеді. Дәл осы кезеңде эссе жазады. Тапсырмаларды тиісті бағыттар бойынша сарапшылар бағалайды.

Төртінші кезеңде құзыреттері бағаланады. Атап айтқанда, сұхбат жүргізіледі. Ол Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Атап айтқанда, кандидаттардың мінезін 15 сертификатталған бағалаушы және 5 супервизор саралайды. Сұхбат кандидаттардың ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталады.

– Іріктеудің бесінші кезеңінде үміткерлер сарапшылық комиссиясымен әңгімелеседі. Бұл ретте сарапшылар қатысушылардың жеке нәтижелерін ұсынады және оларға түсініктеме береді. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында карауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады, – дейді департамент басшысы.

Ал, соңғы алтыншы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысында Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады. Ол биылғы жылдың 25 желтоқсанына дейін өтеді деп жоспарланған.

Резервте болу мерзімі – 3 жыл. Резервке алынған жастар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық лауазымдарына және «Б» корпусының А саясат тобының лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

Іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін кандидаттарды бағалау нәтижелері олардың жеке кабинетінде және кезең қорытындысы бойынша сайтта жарияланатынын айту керек.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жол жайы қажытып тұр

«Үш ай өтті. Тек қана 1,5 шақырым жол жөнделді». Бұл – Бұқар жырау ауданы Сарыарқа ауылы тұрғындарының жанайқайы.

Негізінде бұл ауылдан автобанға шығар 5 шақырымдық жол биыл жөнделуі тиіс болып, оған бюджеттен 200 млн. теңге бөлінген. Оны естіген тұрғындар «жылдар бойы жөндеу көрмеген жол, ретке келмек» деп қуанып қалғаны да жасырын емес.

Алайда, мердігерлер асығар емес. Жаз аяқталып қалды. Ал, олар болса, 3 айда 5 шақырым жолдың 1,5 шақырымын ғана жөндеген.

«Бұл жолды 1 айда бітіруге болады. Бұлар бір күн істейді, содан кейін бір-екі жұмыс жок. Тағы да бір күн істейді, сосын тағы да жок. Бұл не деген сұмдық?!», – дейді Сарыарқа ауылының тұрғыны Борис Акшолоков.

Ал, жолдың жөндеуіне тапсырыс берген аудан әкімдігі болса, бақылау жүргізбек түгілі, тұрғындармен кездесуге төбе көрсетпеген.

Сарыарқа ауылының әкімі Саят Шахтовтен: «Мен қазір, осы айдың соңында аяқталады деп айта алмаймын. Ол жол бітпей қалса ше? Әр түрлі факторлар болуы мүмкін. Өздері техника сынды деп кетті. Мен бітіреді деп нақты айта алмаймын. Оған уәде де бере алмаймын», – деп күмілжіген жауап алды тұрғындар.

Бүгінде Сарыарқа ауылының тұрғындары жол жөндеу жұмыстарын қадағалауды өз қолдарына алуға бекініп отыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК

Әкім гранты – мүмкіндік

Жергілікті жерде әкім гранты арқылы өз кәсібін ашқандар қатары молайып келе жатқаны баршаға аян. Дәл осындай әкім гранты Шет ауданында да жалғасын тауып келеді. Сол арқылы әлеуметке қажет нысандар ашылып жатыр. Соның бірі – Ақжал кентіндегі жаңа туған нәрестелер мен церебральды сал ауруы бар балаларға арналған массаж бөлмесі. Бұл жобаны Ақжал кентінің тұрғыны Сайлауқұл Әшірбек әкім гранты арқылы іске асырмақшы. Ол Шет ауданы әкімінің 800 мың теңге грантын иеленген.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, Сайлауқұлдың өз мамандығы да – мейірбике. Ол бірнеше жыл ауылдық дәрігерлік амбулаторияда жұмыс істеген. Сонда жүріп-ақ, балаларға сылап-сипап ем жасау негіздерін егжей-тегжейлі үйреніп, меңгерген. Сәуле массажаға байланысты бірнеше курстар оқып, сертификат алғаннан кейін кішкентай науқастарға массажды үйінде жасап бастаған. Қазір оның 20-ға жуық тұрақты клиенті бар.

– Біздің ауыл үлкен, бірақ ондай ем-шара жасайтын арнайы орын тапшы. Ол үшін ата-ана баласын қалаға апаруға мәжбүр. Осыған көзім анық жеткен соң мен массаж жасауды үйрендім. Гранттар байқауына қатысуға шешім қабылдадым, – дейді Сайлауқұл.

Оның айтуынша, ол тіпті, церебральды сал ауруы бар кішкентай науқастарға да көмек көрсете алады. Бұрын ондай балалармен жұмыс жасап, көп-көрім нәтижеге қол жеткізген. Грант қаражатына су ванна-сына тапсырыс беруді жоспарлап отыр.

Шет ауданы

«Көбелек балаларға» көмек керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оларға көмек «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы бұйрығы негізінде тек қана дәрілік заттар түрінде жасалады. Алайда, орфандық аурулары бар пациенттерге көмек көрсету қауымдастығының төрағасы Бақыт Байғалиеваның айтуынша, «көбелек балалар» тиісті көмекті толық көлемде алмай отыр.

– Қауымдастықтың негізгі мақсаты – сирек кездесетін патологиясы бар науқастарға уақытылы диагноз қоюды, емдеуді, оңалтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ қайырымдылық көмек пен әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру. Бірақ, балалар заң бойынша бекітілген көмекке екі жыл бойы қол жеткізе алмай келеді. Атап айтқанда, орап, таңуға арналған заттар берілмейді. Ал, ол буллезді эпидермолизбен ауыратын балаларға бірінші кезекте керек зат. Ол – жараға тікелей жабыстыратын таңғыш, екінші тері десек те болады, – дейді Бақыт Байғалиева.

Бақыт Мәдениетқызының айтуынша, бұл олқылықтың себебі заңнамалық актілерде.

– 2021 жылы 4 маусымда қабылданған Үкіметтің №375 қаулысы мен Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 245-бабының 7-тармағына сәйкес, балалар қажетті медициналық бұйымдарды алмай келеді. Мен бұл туралы жергілікті басқармаға да, Денсаулық сақтау министрлігіне де хат жаздым, нәтиже жок. Еріксіз жақында Президентке де хат жаздым, – дейді ол.

Бұл жерде «Қазақстан халқына» қоры да көмек көрсете алмайды. Себебі, керекті дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар елімізде тіркелген.

– Өзім қордың қамқоршылық кеңесінің мүшесімін. Бұл заттар елде жок болса, қор көмегі арқылы алдыртып берер едім. Ал, жергілікті органдар мемлекет тегін беріп тұрған мүмкіндікті пайдалана алмай отыр. Ондай таңғышты барлық науқас сатып ала алмайды, – деді Бақыт Байғалиева.

Осакаров ауданының тұрғыны Ардагүл Хусаянқызы баласы Жансаяның булезді эпидермолиздің ең асқынған түрімен ауыратынын айтады.

– Таңғыш проблема болып тұр. Күніне екі рет, таңертен және кешке барлық жарасын жаңа таңғышпен орауым керек. Қолымда бары бітті. Қазір бұрынғы қолданғандарды жуып, қайта таңып отырмын. Негізі ол біртүтік нәрсе. Облыстың денсаулық сақтау басқармасында «таңғыш заттың коды қате жа-



зылған, сондықтан облыс мұндай заттарға тапсырыс берген жок» деп айтты. Қажетті тамағын, дәрісін береді. Бақыт тапсырыспен алдыртып береді кейде. Бірақ, қашанғы сұрай бересің?! Қазір ол қызымды Санкт-Петербургке апарып, операция жасатуға қаражат жинап жатыр. Осыған дейін Астанада Ана мен бала орталығында төрт рет операция жасаттық. Бұл – бесіншісі, – деді Ардагүл Хусаянқызы.

Оның айтуынша, таңғыш материалдың кіші қорабы 7 мың теңге тұрады. Ішінде – 5 дана. Үлкен қорабы бұдан қымбатырақ.

– Қызымның жарасы бүкіл денесінде. Толық орауым керек. Бір орағанға 10 қорап кетеді. Күнделікті – 70-80 мың теңге. Өзімнің еңбекқам толығымен кетеді, – дейді ол.

Аурудың асқынуды салдарынан сау-

сактар мен бақайлардың арасы бірігіп кетеді. Бұл патологияны тек хирургиялық жолмен түзетуге болады. Жансаяға да жасалатын ота осындай. Операция Ресейде жасалып келген. Биыл алғаш рет С.А.Фендияров атындағы медициналық университетінің клиникасында жасалғаны да айта кету керек. Дегенмен, мұндай ауруларды анықтау мен емдеуде кемшін тұстар көп. Мәселен, тиісті министрлік келтірген дерек бойынша сирек ауруларға шалдыққан балалардың шамамен 30%-ы бес жасқа дейін өмір сүрмейді екен. Себебі, дерттің басым бөлігі емделмейді, емге көнген күннің өзінде дұрыс диагноз қойылмай, көз жұмады.

Қалай болғанда да, мемлекет мұндай балалардың азабын жеңілдетуге бар мүмкіндікті жасауы тиіс. Дәл қазір мәселе заңнамалық актілерде. Оған өзгеріс енгізілмей, жағдай өзгермейтін сияқты.

• БІЛІМ

Грант иегерлері анықталды

Кеше магистратураға білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссияның жұмысы аяқталды. Бұл жайлы Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік грант республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тағайындалды. Комиссия құрамында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, министрліктің, мүдделі мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және қоғамдық ұйым өкілдері бар.

Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына барлығы 14 612 адам өтініш берген. Оның 8 359-ы грант иегері атанды. Грант конкурсының қорытындысы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми сайтында және телеграм арнасында жарияланады.

Бұл ретте айта кету керек, жоғары оқу орындарына қабылдау 28 тамызға дейін жалғасады.

Ауыл оқушыларына қамқорлық

Биылғы оқу жылында Оқу-ағарту министрлігі алғаш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиада өткізбек. Мақсаты – ауылдық мектептердің дарынды, талантты оқушыларын анықтау, оларға қолдау білдіру, сондай-ақ халықаралық олимпиадаларға қатысуға ынталандыру. Олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары қатыса алады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай интеллектуалды сайыстар жаңа 2023-2024 оқу жылында алғаш рет өткізілмек. 9-11 сынып оқушылары қатысатын олимпиада аудандық, іріктеу және республикалық кезеңдерден тұрады.

«Қорытынды кезеңнің қатысушылары республикалық сырттай оқу мектебіне қосымша білім алу үшін қабылданады. I дәрежелі диплом алған жеңімпаздар оқу-жаттығу жиындарына шақыртылып, жалпы білім беретін пәндер бойынша ұлттық олимпиадаға жолдама алады. Сондай-ақ, тәлімгер-ұстаздарға да дайындық жиындарын өткізу жоспарлануда», – делінген Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Бір айда алты егіз

Облыстық клиникалық аурухананың перинаталдық орталықтарында осы айда алты егіз дүниеге келді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тамыздың алғашқы он күнінде Пришахтинскідегі №2 перинаталдық орталықта бірден төрт егіз өмірге келді. Орталық мамандарының айтуынша, оның үшеуі – кесарь тілігі арқылы, біреуі табиғи жолмен туған. Мұнда дүниеге келгені – бес қыз бен үш ұл. Былтыр бұл кезеңде алты егіз туған болатын.

Сонымен қатар, Михайловқадағы №1 перинаталдық орталықта тағы екі егіз туғанын айтып өту керек. Мұнда үш қыз бен бір ұл жарық дүниеге есігін ашты.

Жыл басынан бері №1 перинаталдық орталықта – 47, №2 перинаталдық орталықта 15 егіз дүниеге келді. Дәрігерлер оның барлығы экстракорпоралды ұрықтандыру нәтижесінде емес екенін алға тартты.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Жөндеу жұмыстары жалғасады

Бұқар жырау ауданында да мемлекеттік бағдарламалар бойынша 2023 жылға ауылылық жолдарды жөндеу үшін қаржыландырудың барлық көздерінен 2 497 084 мың теңге бөлінген көрінеді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жалпы бұл жолдардың ұзындығы 94,25 километрді құрайды, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Сайран Нұрмұқанов. – Соның 54,75 километрі ауыл мен кент ішіндегі жолдарға жатады. Осыларды жөндеуге бұлға облыстық бюджеттен – 967 466 мың теңге, жергілікті бюджеттен – 156 125 мың теңге қарастырылған.

Қазірге дейінгі жағдай бойынша Үміткер ауылында – 2,5 шақырым, Гагаринск ауылының 4,35 шақырым көше жолдарының орташа жөндеуі аяқталған. Ал, қалған бес ауыл Ботақара, Шешенқара, Керней, Тоғызқұдық, Ростовканың көше жолдарын жөндеу жұмыстары биыл басталғанымен, оны аяқтау келесі жылға жоспарланған.

Сондай-ақ, тағы да 6 ауылға кіреберіс жолдарды жөндеуге аудандық бюджеттен 463 326 мың теңге бөлініп, бұл шаруа да атқарылуда. Енді 3 ауылдың көше жолдарын жөндеуге конкурстар жарияланған. Сонымен бірге Ақөре ауылына кіреберіс жолдың суыткізгіш құбырларын ауыстыру, Красная нива-Роднички жолын орташа жөндеу де қолға алыныпты.

Бұқар жырау ауданы

• КӘСІПКЕРЛІК

Несие – несібе

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жастарға жеңілдіктен шағын несие беру тетігі іске қосыла бастады. Бүгінде несие беру бойынша онлайн өтінім қабылдау жұмыстары жалғасуда. Жүйе үйден шықпай-ақ бағдарламаның шарттары мен талаптарына сәйкестігін тексеруге мүмкіндік береді.

Биылғы 10 тамыздағы мәлімет бойынша, 5,3 мыңнан астам өтінім сип, 3 344 жоба мақұлданды. 2 577 жобаны іске асыруға 11,4 млрд. теңгеге несие берілді. Қалған жобалар қаржыландырылып жатыр.

Несие алушылардың басым көпшілігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы жобаларды іске асырады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несие 21-35 жас аралығындағы азаматтарға өз кәсібін ашу немесе оны кеңейту үшін беріледі. Жалпы, 2023 жылғы 29 млрд. теңге сомасына 5 796 шағын несие беру жоспарланған.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, жұмыс істегісі келген адамға осындай мүмкіндік беріліп отыр.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Энергетика – Экономиканың басты тетігі

«Қазақстан Республикасы Президентінің № ЗТ-К-17709.1 тапсырмасына сәйкес бұйырамын. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының 2035 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту тұжырымдамасы» бекітілсін». Бұл – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Қазақстан Республикасының 2035 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту тұжырымдамасы жобасын бекіту туралы бұйрығы.

Көре көзімізге түсініксіз ЗТ-К-17709.1 нөмірлі бұл не тапсырма екен? Даярсыз ба, кеттік онда...

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағам + үнем = игілік пен қауіпсіздік

Қазақстан Республикасы Президенті Үкіметке тарифтік жоспарлар жөнінде монополист операторлар мен делдалдар алып отырған тарифтер мен комиссияларға бір ай ішінде талдау жүргізіп, табиғи монополия нысандарының тарифтік саясатын біркелкілендіріп, отандық нарықтағы ахуалын үйлестіруді тапсырған еді. Сайып келгенде, Мемлекет басшының тапсырмасы тиынақты орындалған болып шықса, отандық энергетикалық сектордың жай-күйі тұтасымен түрлене түспек.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының электр энергетикасы – елдің тіршілігін қамтамасыз етудің, экономиканың қызмет етуі мен дамуының негізі болатын аса маңызды сала. Отанымызда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 200-ге жуық электр станциялары, соның ішінде жаңартылатын энергия көздері де жүзеге асырады. Электр энергиясын өңірлік деңгейде тасымалдауда 19 өңірлік электр желілері кәсіпорны (ӨЭК) және 145 шағын электр жеткізуші ұйым бар. Олардың қарамағында кернеуі 0,4-220 кВ электр желілері бар. Қазіргі таңда өңірлік электр желілерінің тозу деңгейі шамамен 65%.

Шындығында, еліміздегі түпкі тұтынушылардан алынатын электр энергиясының бағасы негізгі тауар ретінде аймақтар арасында айтарлықтай өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде халық пен бизнес өкілдері үшін теңсіздік туғызады. Энергетика бағамының тұрақсыздығы энергия өндіруші ұйымдар үшін жеке бағаны реттеуден басқа, жергілікті атқарушы органдар мен табиғи монополиялар саласындағы реттеуші органның тұтынушылар топта-



ры бойынша тарифтерді саралау саясатының олқылығынан.

Біріккен энергетикалық жүйе не береді?

Тұжырымдама жобасының негізгі тіні электр энергетикасы Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жағдайында жұмыс істейді деген мәнге ие. Ол – электр станцияларының, электр беру желілерінің және қосалқы станциялардың сенімді және сапалы қуатын қамтамасыз ететін жиынтығы іспетті. Сонымен БЭЖ не тұжырады? Республикада БЭЖ шартты түрде үш аймаққа бөлінеді. Солтүстік, Оңтүстік және Батыс. Солтүстік аймаққа Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары және Астана қаласы кіреді.

Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығын дамыту жолында нарықты трансформациялау шеңберінде қысқа мерзімді перспективада электр энергиясын орталықтандырылған сатып

алу-сатуды, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының нақты режимде жұмыс істеуін көздейтін жаңа мақсатты нарық үлгісіне көшу алгоритмі пысықталуда. Оның бір нәтижесі ретінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» инвестбағдарламасын атап өтуге тұрарлық. Нысаналы модель шеңберінде тәуліктік кестеге ең-

гізілген электр энергиясының жоспарланған көлемін сатып алу-сату және төлеуге көшу қамтамасыз етіледі, ал одан барлық ауытқулар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы арқылы реттеледі.


Инвестиция – дем

Инвестиция – кез келген салаға берілетін дем-құш. Нарықтық модельді трансформациялау электр энергетикасы саласына, оның ішінде нақты және болжамды тарифтік саясатты қалыптастыру, тарифтерді индекскеу шеңберінде инвестицияларды тиімді және экономикалық негізделген тарту есебінен инвестициялық ахуалды жақсартумен қатар жүреді. Қазірдің өзінде тарифтік реттеу жөніндегі мемлекеттік саясат оларды инфляция деңгейіне индекскеуі қамтамасыз ете отырып, он жылға дейінгі көзкікке арналған тарифтер деңгейлерін анықтауға бағытталады. Тарифтердің өсуін барынша азайту үшін мемлекет қысқа мерзімді перспективада қолда бар қаржы ресурстарының көлемін анықтай отырып, электр энергетикасы саласын жеңілдетілген несиедеудің мемлекеттік бағдарламасын ашады. Сонымен қатар, тұтынушылардың жекеменшік санаттарын тарифтердің өсуінен есерінен қорғау мақсатында бүгінгі тәжірибені ескере отырып, мақсатты субсидиялау үшін жағдай жасалатын болады.

Жылу-энергетика саласының әлеуметтік аспектісін ескере отырып, инвестиция тартуды ынталандыратын және инвестициялардың қайтарылуына кепілдік беретін гибриді модельді енгізу қажет, оған жылу энергетикасы саласын қаржыландырудың қолданыстағы тетіктері кіреді.

– Энергия құны өзге мемлекеттермен салыстырғанда бізде көп-көрім арзан. Дәстүрлі энергия көзімен қатар баламалы «жасыл технологияның» да үлес салмағын ұмытпаған пайдалы. Оның құны одан да арзан. Құн энергетикасын дамыту экологиялық тұрғыдан да тиімді. Екі секторды «ақылды желілер» Smart Grid технологиясы арқылы әдемі үйлестіруге болады. Бұл Ресейде жақсы дамып келеді, – дейді құн энергетикасы қауымдастығының тәуелсіз директоры Артем Слесаренко.

Техникалық жарактандыру тұрғы-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

сында автономды және бөлінген генерацияны, баламалы және жаңартылатын энергия көздерін, энергияны жинақтау және сақтау технологияларын дамыту, интеллектуалды энергия жүйесінің элементтерін енгізу маңызды.

Өңір өрісі

Дамуға жаңа серпін беру үшін әлемдік өндірушілер мен отандық компаниялармен бірлесіп, энергетикалық жабдықтар мен қондырғыларды, сондай-ақ, керек-жарактарды шығаратын жергілікті зауыттарды құруға ерекше рөл беріледі. Қабылданған шаралар шеңберінде энергетикалық активтердің тозу деңгейін ағымдағы көрсеткіштерден орта есеппен 15%-ға төмендетуге тура келеді. Өсіп келе жатқан ЖЭК қуаттарының елдің энергетикалық жүйесіне кері әсерін азайту мақсатында ЖЭК нарығының қатысушыларына қойылатын техникалық талаптар енгізіледі. Тиімді жылумен жабдықтау жүйесін құру жаңартылатын энергия көздерін және баламалы энергия көздерін пайдалану негізінде жылу энергиясы көздерінің үлесін арттыру арқылы мүмкін болады.

– Облыстық әкімдік аясында арнайы штаб жұмыс атқарады. Штаб арнайы бекітілген кесте мен бағдарлама шеңберінде іс жүргізеді. Қарағанды облысы аумағындағы жеті жылыту электр орталықтарының жұмысын үздіксіз қамтамасыз етуге биылға түрлі деңгейдегі қазынадан 16 млрд. теңге қарастырылды. Осы қаражат арқылы 45 қазандық пен 29 тоқ өндіретін генератордың жұмысы жолға қойылады. 22 шақырымнан астам жылу тасымалдайтын желілер жаңалануда. Электр желілері 100 шақырымнан астам аумақта ауыстырылады, – дейді Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Телеуов.

Әлеуметтік және экономикалық қауіпсіздік. Инвестициялық бағдар шеңберінде электр энергетикасын жандандыру, сонымен қатар, жалақыны арттыру және әлеуметтік пакетті жетілдіру шеңберінде энергия объектілері иелерінің әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуді талап етеді, бұл өз кезегінде электр энергетикасы саласын дамытудың драйвері. Ұжымда жоғары білікті мамандар санының артуы өндірістік және технологиялық көрсеткіштерді жақсартуға, соның ішінде энергетикалық кәсіпорындардағы апаттар мен жаракаттарды азайтуға қолайлы жағдай жасайды.

Көкжиек

Энергетика мен экология – егіз ұғым. Электр энергетикасының ағымдағы жай-күйін және Париж келісімінің температуралық мақсатына Қазақстан Республикасының ұлттық тұрғыдан айқындалған үлесін ескере отырып, дәстүрлі және баламалы энергетиканы теңгерімді дамытудың мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу қажет.

Жыл ішінде тұтыну өсімін ескере отырып, 2035 жылға дейін ел буынының жаңа құрылымы айқындалады, ол Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерімге негізделеді. Бұл көлеге жарату объектілерін инвестициялауға және қажетті жүйені құруға, сондай-ақ елде көміртегі квоталарын бөлу нақандарын қайта қарауға мүмкіндік береді.

• КЕҢЕС

«QARAQAR» қарап отырған жоқ

Аталған қоғамдық қор «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның әрекетсіздігінен зардан шеккендер мүддесін құқықтық қорғау жөніндегі жұмыс барысы туралы кезекті есептік кездесуін өткізді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыс басында «QARAQAR» алпауыт компания қызметіндегі халық пен мемлекетке ең көп зиян келтіретін екі негізгі проблемалық бағытты анықтады. Біріншісі өнеркәсіптік қауіпсіздік еңбек шарттарын қорғау болса, келесісі экологиялық талаптар.

«QARAQAR» адвокат жұмылдырып, 2022 жылғы 3 қарашада Ленин атындағы және 2021 жылғы 7 қарашада «Абай» шахтасында болған апат фактілері негізіндегі үш қылмыстық іс бойынша зардан шеккен кеншілер құқықтарын қорғау амалдарын жүзеге асыруда. Бұл оқыс оқиғалар салдарынан 11

кенші қаза тауып, 6 адам жаракаттанған.

Нәтижесінде Үкіметтік комиссия даярлаған арнайы тергеу актілері, қылмыстық істер материалдары «Арселордың» персонал қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды толығымен елемей, ол түгілі өндірісті жаңғырту үдерісінде пайданы айрықша арттыруға бағытталған шынайы мақсаттарын растады.

Инвестиция атаулысы тек технологиялық процессті қолдаумен шектелді. Кеңес дәуіріндегі әбден ескірген техника жаңартылмай, тек қалпына келтіріліп келген. Тәуелсіз халықаралық сарапшылар Үкіметтік комиссиялардың жұмысы аясында «Арселордың»



нормативтік құжаттары, қолданылатын әдістері мен жабдықтарының өткен ғасыр, олар технологиялық процесстің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайтыны» туралы бірлескен қорытынды жасады. Тағы бір дерек. «Абай» шах-

тасында апатты зерттеу кезінде зауытта көмір, тау жыныстары мен газ шығарындылары бойынша қауіпті шахталарда, қолдануға тыйым салғанына қарамастан, «КСП-32» ұңғымалық комбайндары пайдаланылған.

«Арселор» басшылығы көп жылдар бойы шахталардағы топтық жазатайым оқиғаларды тергеу

шахталарды газ қоспасы мен көмір шаңының құрамын бақылау құралдарымен жарактандыру сынды бірқатар талаптарын елемеді.

– «Арселор» нысандарындағы жазатайым оқиғалар бойынша қылмыстық істерді тергеу тәжірибесін талдау көрсеткендей, көбінесе сотқа дейінгі тергеулер қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылады. Тергеу тек жергілікті орта буын басшыларымен шектеледі. Шетелдік топ-менеджерлер куәгер ретінде өтеді. Жоғары басшылардан жауап алынбайды және олар жауапкершіліктен босатылады. Мұнан басқа да трагедиялы, ашылмай жатқан істер, фактілер, тізбелер бар екендігін есімізден шығармауымыз керек. «QARAQAR» пікірінше, бұл жағдай «Арселордың» заң мен тәртіпті белден басып, өрескел қателіктерге жол бергендігіне кезекті көрінісі, – деп түйінделі сөзін «QARAQAR/BLACKSNOW» қоғамдық қорының басшысы Серік Ақылбай.



Несіпбек АЙТҰЛЫ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Көкжайдақ

(Поэма)

«Ескерткіш қойдым жырдан Сазанбайға!»
Автор

I
Шақырып мұңдасуға, сырласуға,
Биіктің бір ескерткіш тұр басында.
Батырдың тұлпар мініп, найза ұстаған,
Айбат бар тұрпаты мен тұлғасында.

Жүгірген бұйраттардың қолтығымен,
Шоқынның жол өтеді дәл түбінен.
«Керегежайған» деген жартас осы,
Төбіскен ғасырлардың толқынымен.

Қырандай тауды өзіне тұғыр еткен,
Хас батыр тілдеседі күдіретпен.
Тоқтайды тізгін тартып осы араға,
Жолаушы әрлі-берлі жүріп өткен.

Тарихқа көз жіберіп толғанар мың,
Бұл жерді алғаш рет көрген әркім.
Батырға Сазанбайдай сәлем беріп,
Ілесіп Сәулебекке* мен де бардым.

II
Тағдырдың тас шеңгелі қандай қатты,
Торғайдай шырылдатқан сан бейбақты.
Тарихын Сазанбайдың білгің келсе,
Айтайын алдыменен Көкжайдақты.

Сазанбай өзі батыр, өзі тілді,
Сөйлесе топқа түсіп сөзі ұтымды.
Үйірін шырқ үйіріп арқыраған,
Көргенде көк айғырды көзі тұнды.

Қаз мойын, алды шалқақ, арты талтақ,
Тақтайдай сауыр жағы келген жалпақ.
Қақпан бел, жазық бауыр, кең қолтықты,
Алдыңғы екі аяқтың арасы алшақ.

Шаншылған қос құлағы – жыланқияқ,
Төрт кесе төңкерілген – болат тұяқ.
Тәулет бас, ит жіліншік, шақпақ етті,
Алымды алшаң басқан ұзын аяқ.

Үш елі тұрасы мен жерсоғары,
Шашасы тік бақайдан сәл жоғары.
Созылып төрт аяқты серпе тастап,
Ұқсайды ор қоянға орғығаны.

Шоқтықты, қабырғалы, тұрқы биік,
Шүйделі, сымпыс құйрық, жалы сұйық.
Бір тұлпар дәл осындай қолға түссе,
Не керек үйір-үйір жылқы жиып?!

Көрмеген көз ашқалы мұндай жылқы,
Алуға айла тауып кетті құлқы.
Үстіне көк тұлпардың бір шықпаса,
Бекер ғой бұл жалғанның дүние-мүлкі.

Түгендеп төңіректі болғамыз жоқ,
Ат мінген аталардан қалған із көп.
Айғырдың даңқын естіп асыл текті,
Сазанбай Сарыарқадан келген іздеп.

Тұрқымен қызықтырған талай жанды,
Қадалып көк тұлпарға көп ойланды.
Шіркінді қалай қолға түсірсем деп,
Сыртнан үйірінің он айналды.

Жылқыны күндіз жайып су жағалап,
Қораға қояды екен түнде қамап.
Атақты Бегдербектің тұлпарына,
Болмаса жүрек жұтқан кім жоламақ?

Хиуаның өмірі еді қаны қатқан,
Бегдербек деген біреу Тәңір атқан.
Келейін Сазанбайға енді аяндап,
Жанына жүйрік аттың зары батқан.

Өмірін ел жолына сарп қылған,
Сазанбай ата жауын сан ықтырған.
Жорықта анау-мынау ат көтермес,
Ер еді анасынан алып туған.

Ежелден домалаған өрге тасы,
Арғында Қаракесек арғы атасы.
Қояншытағай одан бөлінеді,
Көрінген көз ұшынан жон-жотасы.

Ғасырдан ғасырларға асып үні,
Тарихтың айқындалды жасырғаны.
Өрбіген өсіп-өніп содан бері,
Сазанбай іргелі ата осы күні.

Шомылған Сарыарқаның сағымына,
Туыпты Бұғылы мен Тағылыда.
Қарадан шыққан еді демесеңіз,
Басы тең батыр екен хан ұлына!

Жасынан атқа мініп ел қорғаған,
Даланың түпкірі жок ол бармаған.
Әйгілі «Шанды жорық» шайқасында,
Кісі жок ерлігіне таң қалмаған.

Жығылып төрт аяғы көкпен келген,
Сазанбай көресіні аттан көрген.
Атынан дәу қалмақты жұлып апты,
Атылып өзі құлап жатқан жерден.

Батырдың ішіндегі арман үдеп,
Түсіпті жүрегіне салмағы көп.
Арнайы Абылайға барған дейді,
Сәйгулік жауға мінер қалмады деп.

Хас тұлпар даңқы кеткен жер мен көкке,
Бар дейді Хиуадағы Бегдербекте.
Келейін саудаласып, сатып алып,
Көңсе егер бір айғырын ол бермекке.

Бұл сөзін хан Абылай мақұл көрді,
Тәуекел, барып кел деп ақыл берді.
Қасына жолдас алып жолға шықты,
Барар жер айқын еді батырға енді.

Хиуаға Тәшкен асып келген беті,
Қазақтың жаудан қайтпас көкжендеті.
Келе сап Бегдербекке хабар салды,
Алардай қоян тауып жерден жеті.

Іргесін кең далаға елі жайған,
Қазақтың бүгіледі белі қайдан?!

Аңдасын айтқан сөздің артын дейді,
Керегін көкжал қасқыр тартып жейді.
Беремін сұрағанын айғыр үшін,
Болса да ат басындай алтын мейлі.

Бегдербек жауап берген кезегінде,
Ашудың өрті қаулап өзегінде.
Қаңғыған қазақ аулақ кетсін депті,
Сатпаймын тұлпарымның тезегін де.

Сан көрген атысқанды, шабысқанды,
Сазанбай мұны естіген намыстанды.
Сұрпаты елестетті сол сәттегі,
Долданған аң патшасы арыстанды.

Тылсымға тәуекел деп тағдыр атты,
Тістеніп, бір байламға келді қатты.
Сыйынды ата-баба аруағына,
Қайтсем де әкетем деп арғымақты.

Аңдамай зуылдаған талай күнді,
Аңдумен ай өткізді көк айғырды.
Телмірді күзетшіден көзін алмай,
Қақпадан қалай шықты, қалай кірді.

Күндері бос кетпеді қылған үміт,
Қораға келді ақыры түн жамылып.
Қалғыған күзетшіні ұрып жықты,
Қарамай иттеріне тұрған үріп.

Қара күш өз міндетін атқарады,
Құлыпты жұлып алды қақпадағы.
Кісенін көк тұлпардың қылмен ашты,
Сылдыры селт еткізді ат қораны.

Наңғысыз адам айтса ерлік қылып,
Атқыды арғымаққа қарғып мініп.
Жоғалды зым-зия боп қас-қағымда,
Хиуаның көшесіне шаң бұқтырды.

Тұлпарды бір көруге шөлдеп келген,
Мол кетті ер Сазанбай сол кеткеннен.
Көк тұлпар кең далаға ілінген соң,
Секілді аққан жұлдыз заулап берген.

Қазақтай қарғыс айтып қаскүнемге,
Бегдербек ойбай салды естігенде.
Үстінде хас жүйріктің көңілденіп,
Сазанбай омырауын тосты желге.

Ел үшін басын тіккен тәуекелге,
Жігіттен жүрек жұтқан ер өтер ме?
Жеткенше Самарханнан Сарыарқаға,
Машынған көк тұлпар да қара терге.

Қуса да сан қарақшы көлденеңнен,
Көк тұлпар жеткізбеген терлегенмен.
Сақтанып, күндіз жатып, түнде жортып,
Сазанбай аман-есен елге келген.

Шапқанда жел соқтырған серпінінен,
Жүйріктің айналмай ма ел түрінен?!

Сазанбай әкелгелі Көкжайдақты,
Ішкені судай сіңіп, балдай бағты.
Жылқының жолбарысы секілденген,
Көргендер Көкжайдақты таңдай қақты.

Байласа жерді тарпып арқырайды,
Жанары жаққан шамдай жарқырайды.
Жүргенде жылқы ішінде түйедей боп,
Хайуан деп қайдан келген ел сұрайды.

Ерекше желгені де ырғығаны,
Шыбындап, басын изеп шұлғығаны.
Көруге Көкжайдақты келгендерге,
Сазанбай күндіз-түні жыр қылады.

Қылмаңдар дейді жұртқа күмән бекер,
Қазақта қыл құйрық жоқ бұған жетер.
Жарысса желдей есіп кең далада,
Шаң жұтып, өз жөніне құлан кетер.

Көргеннің көзі тоймас қарағанда,
Шын жүйрік мейіздей боп жарағанда.
Сұлудай сылданатып көк тұлпарды,
Апарған Арқадағы аламанға.

Әркім де өз атына бақ тілейді,
Бес жүз ат сол бәйгеде шапты дейді.
Сілкінтіп Бұғылы мен Тағылыны,
Қалың шаң Сарыарқаны жапты дейді.

Бәйгеңіз бұрынғылар туын іліп,
Аузының айтып кеткен суы құрып.
Ішінен бес жүз аттын атқан оқтай,
Көк айғыр шыққан дейді суырылып.

Ол кездің жөні бөлек бұл күндерден,
Аттарды жіберіпті күндік жерден.
Саңлақтың сыр-сипатын сезінбесен,
Не шығар оқиғаны құр білгеннен?

Дүбірі екпіндеген көк айғырдың,
Сауырын солқылдатқан талай қырдың.

Жау қалың жан-жағынан жұлмаған,
Сынаптай заман мынау сырғанаған.
Топан су қаптамаса тосыннан кеп,
Айырылмас өлсе қазақ бұл даладан.

Шықпайды шайтан түртсе бәле қайдан,
Қаскүнем қапы кетсен салады ойран.
Самсаған сарбаздарға бетін бұрды,
Серпіліп тұнжыраған терең ойдан.

Телміріп отыр еді көп жамағат,
Жайғасқан хан Абылай төрге қарап.
Саңқ етіп: – Армысыңдар! – деген даусы,
Бітірді үнсіз қалған елге қанат.

Хан ием, бармыз! – десті гүлдесіп,
Жанғырды тау мен дала үшін қосып.

Жорыққа тұлпар емес тұғыр мінсе,
Тұрады ер жігітті кім басынбай?
Адамның серік болған сұңқарына,
Не жетсін жылқының хас тұлпарына?
Бұлданбай, сұрағанын берсін, – деп айт,
Қазақтың Абылайдай сұлтанына!

Делі де көтерілді хан Абылай,
Тұнжырап қас-қабағы манағдай.
Сазанбай қош айтысып, шықты жолға,
Құлына оң көзімен қара, Құлай?!

Тірліктің кәусарына жүрген шөлдеп,
Тағдыры таразыға күнде өлшенбек.
Хиуаға келе жатыр ер Сазанбай,
Үйірін Көкжайдақтың бір көрсем деп.

Інісі Кешубайды келеді ертіп,
Асығып көк бөрідей желе жортып.
Көкжиек жүрген сайын кеңейеді,
Жусаны жұпар атқан дала бөртіп.

Болса да қорқынышты көп қатері,
Етпейді жол алыстық атқа тегі.
Хиуаға айлап жүріп, жетті міне,
Қонақтың мұсылманға жоқ бөтені.

Барған соң сақтық жасап абайлады,
Арттағы қалың елге қарайлады.
Үйірін Көкжайдақтың шолып қайтты,
«Япыр-ай, қайтсем екен?» – деп ойлады.

Намыстан жаратылған ер қайрағы,
Жігерін Сазанбайдың сан қайрады.
Сәлемін Абылайдың жеткізбекке,
Бекініп тәуекелге бел байлады.

Жақсылар жақындасып ғұмыр кешпек,
Дәм татып, дидарласып, күлімдеспек.
Ойлады басымды иіп барғаннан соң,
Өмірші қылыш ала жүгірмес деп.

Халықтың қан жұтқызыған талайына,
Өмірдің жақындады сарайына.
Жүгірді күзетшілер анадайдан,
Өткенде жолатпаған маңайына.

Жендеттің көзі қанық келгендерге,
Батырды тани кетті көрген жерде.
Сенсің деп көк айғырды алып кеткен,
Біздерді салып кеткен сертелденге.

«Секілді шеттерінен кекті бөрі,
Сұмырай сенің ызаң өтті!» – деді.
Жабылып оны бірдей бір кісіге,
Аямай табанға сап тепкіледі.

Қашаннан сарт біткеннің діні қатты,
Сазанбай өлмей әрең тірі жатты.
«Өп, бәлем ұры қазақ келдің бе?» деп,
Боктаған удай ащы тілі батты.

Бегдербек отыр еді тұлан тұтып,
Әкесі өлгендей боп қайғы жұтып.
Үйірі көк айғырдың тұрған кезде,
Қайырылып бір соғар деп көптен күттіп.

Болары бір сұмдықтың анық болды,
Бетіне мұсылманның салық болды.
Қазақтың бір қыранын қанға малып,
Хиуаның қарғалары қарық болды.

Сүйрелеп алып барды Бегдербекке,
Бегдербек атып тұрды көрген бетте.
Қалшылдап жыны қысқан бақсыдай боп,
Ақырып айғай салды көп жендетке.

Естіді Сазанбайды Хиуа түгел,
Кеткендей дүниені қиратып ол.
Жемады қауесеттің жыртық қабын,
Өсектің тарамысын ширатып ел.

Өзінің қикарын-ай, қырсығын-ай,
Не қылған адам, – деді – бұл сұмырай?!

Ұрлаған осы десті көк тұлпарды,
Атақты Арқадағы жылқылы бай.

Ұрысын Абылайдың иттей сабап,
Тастаңдар зындандағы торға қамап.
Ұстандар атқосшысын қасындағы,
Жатқан жоқ шығар бәлкім ол да қарап.

Жендеттер көп іздеді Кешубайды,
Жас батыр кім екенін жасырмайды.
Інісін үстіне әкеп қамаған соң,
Қайғыға қайғы қалай қосылмайды?

Дүние аударылып-төңкерілді,
Жынданып Бегдербек те жер тебінді.
Осыдан Көк айғырды қайтармасаң,
Сыпырып алам деді жонтеріңді.

Қинады екеуін де күнде сабап,
Қиянат бұдан өткен кім жасамақ?
Артында ел бар-ау деп ескермеді,
Қазақтың батырларын құлға санап.

Жендеттер Сазанбайды жыға танып,
Еріксіз отыр, міне, ұры атанып.
Алдына Бегдербектің тағы әкелді,
Мойнына жерден ауыр кінә тағып.

Зынданда алты ай жаттың көріп азап,
Ал, қәне, не айтасың, – деді – қазақ?
Айғырды аман-есен қайтарып бер,
Еліне қайтам десен болып азат.

Жасадың орны толмас кесір маған,
Бұлайша ешкім мені басынбаған.
Бұлттарсан бұйрығымды орындамай,
Ініңмен қосып тұрып басыңды алам!

Дат, тақсыр! – деді батыр тілге келіп,
Алдында кідірмейді кім бөгеліп?
Атағы жерді жарған өзіңді,
Өмір деп әділетті білген едік.



Несіпбек Айтұлы мен Сәулебек Жәмкенұлы

Шошыпты үстіндегі бозбала да,
Дегендей бұл бәлеге қалай міндім?!

Шабысқа қызған сайын шабыс қосып,
Сағымдай сан құбылған аққан жосып.
Көмбеге жалғыз келген Көкжайдақты,
Жұрт әрең тоқтатыпты арқан тосып.

Қалың ел Сазанбайдың ұқты сырын,
Тұлпардың тілін білген мықтысының.
Мәреге жеткен жүйрік одан кейін,
Мезгілде келген екен сүт пісірім.

Сұқ көздер сымбатына сан қадалған,
Көкжайдақ көрген жанға болған арман.
Шандоздың ілесе алмай шаңына да,
Салпақтап талай саңлақ жолда қалған.

Қолдаса Тәңір берер бар тілекті,
Алысқа бұл бәйгеңіз даңқы кетті.
Беделі көк тұлпардың Сазанбайды,
Байлардан мыңды айдаған артық етті.

III

Қатулы Абылайдың қас-қабағы,
Қалмақты түре қуып тастағалы.
Өңінен байқалады отырғаны,
Арыдан бір әңгіме бастағалы.

Қадалып көкжиекке көп отырды,
Екі көз көріп болған көретінді.
Аһ ұрып, күрсінгенде аш өзегін,
Өксіктің өткір жүзі сара тілді.

Не шығар аласұрып аһ ұрғаннан,
Қайғының қара суын сапырғаннан.
Сезгендей бір сұмдықты жақын қалған,
Еске алды батырларын бақұл болған.

Алланың жазғанына жоқ күмөні,
Атақты айбоздардың кетті бөрі.
Бөгенбай, Қабанбайлар аман жүрсе,
Кім келіп көлденеңнен соқтығады?

Артқыға алдыңғының ерлігі аян,
Дарига, Малайсары, өлді Баян.
Қазақтың көкжалдарын көрген кезде,
Қалмақтың қасқырлары болды қоян.

Қарайып әр төбеді бір төмпешік,
Бұлдырап қала берді көзден көшіп.
Күбірлеп өткен-кеткен бет сипады,
Бұл жерде хас батырлар өлген десіп.

Аяндап күндер өтер, жылдар өтер,
Құдайдың бермегенін кім дәметер?
Тірлікте тартқан бейнет, көрген қызық,
Пенденің өзіменен бірге кетер.

Айдалы кәнігі жау андыспаққа,
Түсіпті ойлап көрсе сан қыспаққа.
Абылай арпалысып баққанменен,
Сұм жалған шығарар ма елді ұшпаққа?

Шешіліп енді қалай сөйлемейді,
Тәңірі тастамаса тілін кесіп?!

Алыстан орағытты, кең толғанып,
Сарбаздар құлақ түрді аң-таң қалып:
Қанша жыл қырылыстық қалмақпенен,
Ақыры тоз-тоз болды талқандалып.

Өмірдің алды – базар, арты – мазар,
Боласын су құрыса тамшыға зар.
Деді де мойын бұрып жан-жағына,
Отырған Сазанбайға салды назар.

Шақырып орын берді оң жағынан,
Бола ма артық құрмет ерге бұдан?
Кестіңіз сыр-сипатын сезе қойды,
Батырлар хан сөзінің салмағынан.

Абылай айт деген соң аянбады,
Сазанбай болған жайды баяндады.
Хан ием, Самархан мен Хиуа деген,
Жер емес жетіп барар таяудағы.

Күн батса, таны жылдам атады екен,
Адамға сол бір жағы батады екен.
Кәдімгі құмырсқаның илеуінде,
Құжынап, қайнап жатқан шаһар екен.

Өмірі – аты шулы Бегдербекке,
Жеткіздім сәлемінді барған бетте.
Ит құрлы есігінен қаратпады,
Толған соң аянбадым кеудем кекке.

Баптаған сылап-сипап, жалын тарап,
Айғырын алып келдім барымталап.
Тиген соң намысыма кек қайырдым,
Шапқам жоқ қазынасын, малын талап.

Жылқыға қосып едім Көкжайдақты,
Үйірден үйір таңдап салды ойнақты.
Туа алмай қаз мойынды құлындарын,
Биелер қарабайыр сор қайнатты.

Ышқынып жатқан талай жануардың,
Ішінен құлындарын жарып алдым.
Өзінің үйіріңіз айғыр жетім,
Хиуаға келіп отыр тағы барғым.

Кім білсін не келерін, не кетерін,
Алдынан Бегдербектің және өтемін.
Бұл жолы қайтып қалар райынан,
Қазақты есіне алса ел екенін.

Жар болсын жалпақ жұртқа Хақтағалам,
Алдияр, батаңды бер атқа қонам!
Жылқының падишасы көк айғырды,
Құдайым бұйыртқан жоқ текке маған.

Сабыр ет, – деді Абылай, – абдырамай,
Қара су шайқалмайды жар құламай.
Ешкім жоқ есек мініп жау түсірген,
Қорғадық ат болмаса елді қалай?!

Қашқанды қуып жетер қырды асырмай,
Ат қайда Қабанбайдың Қубасындай?

Көкжайдақ

Ай батса, қайта айналып шығады күн,
Түбі жоқ бұл жалғанның тұрағының.
Кесемін десен, тақсыр, басым дайын,
Әкеттім тұлпарыңды, кінәлімін.

Ел едік қазақ деген еркін жатқан,
Аққуға аспандағы ән тыңдатқан.
Білесің Абылайдың ақ ордасын,
Киелі шаңырағын алтындатқан.

Сөзіме назар аудар жөндеп менің,
Ұрыны тапқан екен жеңдеттерің?!
Келген ем өз қолыңнан алайын деп,
Амал не, дегеніме мен жетпедім.

Жау көрсек жолбарыстай аласұрдық,
Тұлпарды тұмар мойын таң асырдық.
Қырқысып, қырық жылдай қан төгісіп,
Алтайдан ит қалмақты ары асырдық.

Түн катып, түзді кезген жорықтарда,
Адамға аттан артық серік бар ма?
Батырлар аттың жалын құшып өлген,
Ажалмен ат үстінде жолыққанда.

Қанатын атпен қазақ кенге жайған,
Бақ қосын жаяу-жалпы елге қайдан?!
Аузымен құс тістеген тұлпар десе,
Халықпыз ішкен асын жерге қойған.

Ат жалын бала күннен тартып өстік,
Құдайым қойды өмірдің артын өстіп.
Атынан Абылайдың бұрнағы жыл,
Келген ем Көк айғырдың даңқын естіп.

Қазақтың намысына қаңға сінген,
Сол жолы тіл тигіздің хан басыңмен.
Одан да Көк айғырдың биесін сат,
Қалайша ханның алды болмасын кең?

Бегдербек айғай салды осы арада,
Ақымақ сөздің соңын тоса ала ма?
Інісін алып кел деп әмір берді,
Қалшиған жеңдеттерге босағада.

Желкелеп Кешубайды алып келді,
Әлпетін отырғандар анық көрді.
Оның да құр сүлдері қалған екен,
Сазанбай одан сайын тарықты енді.

Түтігін түгі шығып шырайлы өмі,
Бегдербек Кешубайға былай деді:
Қазақты тәубесіне келтіремін,
Шын болса жаратқаны Құдай мені!

Қырсығып, көңілімді алаң қылма,
Ант бер Құран ұстап көп алдында!
Сен барып айғырымды әкелгенше,
Қалады кепілдікте ағаң мұнда.

Қар жаусын, қара нөсер төпелесін,
Үш айда тұлпарымды әкелесін.
Межелі мезгілінде әкелмесей,
Бір емес, ей, бейшара, екі өлесің!

Есіктен жылдам басып молда кірді,
Құлығын Бегдербектің ол да білді.
Кешубай Құран ұстап ант беріп,
Сол күнін егерсінде жолға жүрді.

Сазанбай Кешубайға жүрерінде,
Білдірді бас тіккенін сұм өлімге.
Сорғалап екеуінің көзден жасы,
Тұншықты қасіреттің түнегінде.

Жалынып жаратқанға шын тіледі,
Аюдай апандағы күркереді.
«Қатындар туар талай Сазанбайды,
Тұмайды Көкжайдақтай жықпы!» – деді.

Арттағы дұғай сәлем қалың елге,
Мен үшін түспесін көп әбгерге.
Көк айғыр маған емес, елге керек,
Кешубай, ешқашанда оны берме!».

Деді де бауырымен қош айтысты,
Көңілі бордай еріп, босай түсті.
Жаулары ерегесіп, ескіленіп,
Жауыздық одан сайын жасай түсті...

IV

Кешубай үш ай өтті оралмады,
Айғырдың анық болды жоғалғаны.
Қанішер әмір мінді қаһарына,
Қазақтан өшін алу – бар арманы.

Тіріде шықпаса да даңқы күнде,
Ұлдарын еске алады ел түбінде.
Зынданнан алып шықты Сазанбайды,
Хиуаның базарында өлтіруге.

Кернейлер ұзын өнеш озанады,
Алаңға халық толды базардағы.
Керіліп дар ағаш та дайын тұрды,
Қара су қайнап жатты қазандағы.

Шошынып, ақылнан ел адасып,
Ойлады өлтірер деп дарға асып.
Араша түсуге бір жан шықпады,
Ұйлыққан дүйім жұртты қара басып.

Өлген соң қайда қалмас кімнің басы,
Кім білсін жолдың шеті, судың қасы?
Ағарып сақал-шашы, жағы солып,
Батырдың түсіп кеткен ұнжырғасы.

Шығарып алыс қалған елді есінен,
Шыбын жан ұшқалы тұр кеудесінен.
Көшерде көз алдынан пони жалған,
Жыласып қоштасады пендесімен.

Сұрланған сұм дүние ішін тартып,
Ұшады ошақтағы түтін шалқып.
Жүрегін қысқан үрей үнсіз ғана,
Бойдағы бара жатты күшін сарқып.

Жауыздар бір сұмдықты ойлап енді,
Тастады тайказанға қайран ерді.
Қазақтың бір батыры осылайша,
Қапыда қара суда қайнап өлді.

Өңдері бір ағарып, бір қуарып,
Теңселіп, есеңгіреп тұрды халық.
Жалғыз-ақ мұратына жеткендей боп,
Бегдербек масайрады шын қуанып.

V

Сақтаған елдің жады – елдің есі,
Тарихтың үзілмейді мәңгі көші.
Сағымдай Сарыарқада көшіп жүрген,
Осы еді Көкжайдақтың әңгімесі.

Жеткізбес қуғанменен құбылған күн,
Бегі аулақ Бегдербектей зұлымдардың.
Тағдыры тіпті бөлек болған екен,
Сазанбай жарып алған құлындардың.

Жұлдыздай зулап аққан сайын белден,
Тұқымы таяу жылға дейін келген.
Атанған соңғы бірі – Кетпентұяқ,
Керіктей тұлпар екен бойын керген!

Құлан жал, бота тіресек, сымпыс құйрық,
Шулатқан айналасын өрен жүйрік.
Бас қосқан ұлы дүбір аламанда,
Бөйгеден бөйге бермей құрған билік.

Кетпендей тұяғымен жерді қазып,
Көсіліп шапқан екен белді жазып.
Өмірден сол тұлпарлар өткеннен соң,
Қалыпты Арқадағы ел құлазып.

Адам көп ат шаптырып той тойлаған,
Бөйгеден аты келсе айқайлаған.
Бір кезде тұлпар мініп ел қорғаған,
Ұмыттық батырларды, айхай, заман!

Байлардың алтын-күміс тұтынғаны,
Ішінің бықсып жатқан түтін бөрі.
Бар ма екен жер бетінде, уа, дарига,
Баяғы Көкжайдақтың тұқымдары?!

Көбейді көтеу аға, жасық іні,
Ер қайда Сазанбайдай осы күні?!
Тан атпай құлағыңды тұндырады,
Жаңғыртқан дүниені ғасыр үні.

Найза ұстап, тұлпар мінген заман өткен,
Өзімен талай сырды ала кеткен.
Бүгінде шарлап жүрміз шартарапты,
Аспанда қайшы алысып сәулетпен.

Ағайын, шекараңның шеті қандай,
Қарап қой, үйде тыныш жатып алмай!
Ішінде шепте тұрған сарбаздардың,
Кімі бар Сазанбайға татығандай?!

Дұшпанның күні кеше елді қырған,
Қарасы көрінбейді енді қырған.
Сазанбай жауға мінер жүйіріктердің
Тұқымын түзеймін деп болды құрбан.

Қашанда жауыздықтан жан түңілген,
Кем еді Сазанбайдың даңқы кімнен?!
Ерлерді тұлпар мініп ел күзеткен,
Сарбаздар есіне алысн танкі мінген.

Халықтың қыжылдайды қаны қайнап,
Шабатын уақыт емес Абылайлап.
Кімдер бар арыстандай арпалысып,
Алқынған ел қорғаудың қамын ойлап?

Зұлымдар қару сатты – бәрін сатты,
Ұрлықтың ұстаптайтын жолын тапты.
Кетуге қолында өліп қорқаулардың,
Қорқасын, амал қанша жаның тәтті?

Шетінен тізгін ұстап арам қолды,
Бетімен кеткен қиын заман болды.
Болса да қандай заман бір тәуірі,
Ұшқыны Сазанбайдың маған қонды.

Толқиндай дүние аунайды ұмар-жұмар,
Жасымнан болдым мен де жүйірк құмар.
Жаксы атты жазбай таныр атамнан да,
Бойымда бір түйір қан қалған шығар.

Бұл күнде біздер қайда, Хиуа қайда,
Сөйледім оқиғаны сыйған ойға.
Батқан күн қош айтады қолын бұлғап,
Сәулесін себелетіп құйған айға.

Қызыл тіл сайрағанмен озам қайда,
Қаперсіз қалың тобыр өз андай ма?!
Есінен кетпесін деп мына жұрттың,
Ескерткіш соқтым жырдан Сазанбайға!

Аңсаумен Азаттықты өтті Абылай,
Байрағы желбіремей көкте бұлай.
Қазақты тұлпар текті, жаужүректі,
Көлденен қырсығыңнан, сақта, Құдай!...

P.S. *Сазанбай батыр ескерткішінің салтанатты ашылуына орай батыр ұрпақтары арнайы ас береоді. Ас Қарағанды облысы, Шет ауданы, Үңірек ауылы, Көкжайдақ атишабарында 27.08.2023 жылы, сағат 9:00-де басталады.*

*Сәулбек Жәмкенұлы,
Белгілі журналист, Сазанбайдың
тікелей ұрпағы

• ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

Қарқаралы өңірі – ұлттық құндылықтар өзегі

Қазақ даласы – ұлылар мекені, рух ордасы, өміршең идеяны ұран еткен Алаштың құтты қонысы. Топырағына тектілік дәні себілген, тау-тасы тарих тұнбасы сияқты даңқты аймақтың бірі, берекелі өңір – Сарыарқа. Сары алтындай Сарыарқаның аңызға арқау, өлең-жырға өзек болған аймағы – Қарқаралы. Осындай өңірде азаттық қозғалысының бастау алуы кездейсоқ емес. Өйткені, бұл жерде саяси, экономикалық, рухани дамудың маңыздылығын негіздей білген ірі тарихи тұлғалар өмір сүрген. Сондықтан ХХ ғасырдың басындағы Қарқаралы Алаш азаттық қозғалысының бесігі болып тарихта қала бермек. Сол азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы болып тарих сахнасына шыққан білімді қазақ зиялылары болды. Олардың негізгі мақсаты азаттық жолында күрес еді. Бұл күрес қазақ ұлты және оның азаттық идеясын жетілдіруге бағытталды. Азаттықтың мәнін түсінген зиялылардың көпшілігі осы Қарқаралыдағы білім орталықтарында оқып, рухани биіктікке жеткен.



Қарқаралы өңіріндегі білім ошақтарының тарихы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. Қарқаралы қаласынан 25 шақырым жерде Актерек ауылы орналасқан. Осы жердегі мектепті бүгінгі күнге дейін ауыл халқы қиен тұтып, көзінің қаршығындай қорғап, сақтап келген. Атақты ғалым Ақжан Машанидің айтуынша, осы мектепті Ахмет Байтұрсынұлы ашқан. Қазіргі кезде мектептің маңдайшасына: «Бұл үйде 1904-1908 жылдары Алаштың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынұлы ұстаздық қызмет жасаған» деген тақта орнатылыпты. 1904-1908 жылдар аралығында ұлы тұлға осы Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі менгерушісі болып қызмет атқарған. Сонымен қатар, Қарқаралыда Алаш азаттық қозғалысының саяси көсемі, бүгінгі Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің негізін салушы, ірі мемлекет қайраткері – Әлихан Бөкейхан да алғашқы білім алған.

ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басында ресейлік отаршыл үкімет қазақ жерінің көптеген аймақтарында арнайы оқу орындарын ашты. Патша үкіметіне қызмет жасайтын жергілікті халықтың арасынан кадрлар дайындау отаршылдық саясаттың басты мақсаттарының бірі еді. Сол мақсатқа сәйкес Қарқаралыда 1905-1912 жылдары арасында көшпелілердің арасынан кабілетті балаларды оқытуға арналған алғашқы орыс-қазақ жоғары бастауыш училище ғимараты салынған. Кейін 1912 жылдардан бастап, бұл оқу орны «Реальное училище» деп аталады, 1920 жылдардан «Педтехникум» деп өзгертілді. Бүгінгі күні бұл оқу орны Саран қаласындағы Абай атындағы жоғары гуманитарлық-техникалық колледж деп аталады.

Білім ошақтарының Қарқаралы жерінде қалыптасуының саяси-экономикалық негізі болды. Соның бірі – осы аймақтағы Қоянды жәрменкесінің стратегиялық маңыздылығы. Жүздеген орыс-татар көпестері сауда керуендерін әкеліп, Қазақстандағы аса ірі Қоянды-Ботов жәрменкесінде сауда-саттық жасайды. Көпестердің Қарқаралыдағы жәрменкеге ағылып келуінің басты себебінің тағы бірі Павлодар, Семей, Омбы сияқты ірі сауда орталықтарынан алыста бола тұрса да, Қарқаралы олармен көлік жолдары арқылы қосылды, ал, осы жердегі көпестер-кәсіпкерлердің сол сауда жолдарымен Қызылжарға барып, Қытай еліне дейін сауда жасау мүмкіндігі болған.

Сондықтан ірі сауда орталығы болып қалыптасқан Қарқаралыда арнайы білім беретін оқу орындарының пайда болуы уақыт талабынан туған үрдіс еді. Осы үрдістің қалыптасу тарихын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады.

Бірінші кезең – бұл ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы Ресей империясының оқу-білім саясатына байланысты кезеңі.

Екінші кезең – 1917-1990 жылдардағы Советтік-коммунистік білім беру дәуірі.

Үшінші кезең – Тәуелсіз Қазақстандағы рухани құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие беру кезеңі. Сонау ХХ ғасырдың басында Қарқаралыда ашылған қарапайым оқу орындарынан Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері, атақты ғалымдар, жазушылар мен ірі мемлекеттік тұлғалар білім жолына осы жерден қанаттанған. Қарқаралыдан қанаттанып, үлкен өмірге жолдама алған тұлғалар тарихы, бүгінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге негізгі тірек бола алады.

Білім ордасының алғашқы кезеңінде қалыптасу және дамуына үлес қосқан, сонда оқыған және қызмет жасаған тари-

хи тұлғалардың бірегейлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ақайдың Хасені, Нығмет Нұрмаков, т.б.

Қарқаралыдағы оқу орындарының даму тарихының екінші кезеңінде мұрағат қорларында өте қызықты тарихи ақпараттар бар, солардың бірі – бұл аймақта өзге этнос өкілдерінің ұстаздық қызмет атқарғандығы туралы мәліметтер. Осы мәліметтерді талдау арқылы бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлтаралық татулықтың маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік бар. Өзге этнос өкілдері сол кезеңде қазақ балаларына қамқорлықпен қарап, өз білімдерін берген. Сондай ұстаздар – Вера Евграфовна Ясинецкая (география, орыс тілі), Генрих Ильич Ясенейки (әдебиет, неміс тілі), Леонид Ильич Васильев (математикалық пәндер), Мария Вацлавовна Шведе (неміс тілі), Богдан Ильич Ясеницкий, т.б.

Сонымен қатар, білім ордасы жаңа сағы көтерілген кезінде өздерінің мықты білімімен ерекшеленген дарынды қазақ балаларының білім алуына үлес қосқан екен сол оқу орындарында оқыған академик Ақжан Машанов, Алаш қозғалысының ірі қайраткері профессор Әліхан Ермеков. Осы уақытта Қарқаралы қаласындағы оқу орындарында білім алған, бүгінде тарихта белгілі ғалымдар – көрнекті қазақ энергетигі, техника ғылымдарының докторы, академик Шапық Шокин, педагогика ғылымдарының докторы, 1941-1955 жылдары Қазақ КСР Оқу министрі, академик Әбдіхамит Ібіниялы Сембаев, медицина ғылымдарының докторы, академик Бақия Атшабаров, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков, академик Әбілқас Сәгинов, ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі Смаия Саттаров, ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі Канафин Әуезхан сияқты тұлғалар. Олардың еңбектері ұлт мақтанышы ретінде және өлкетану тарихын оқытуда кеңінен пайдаланып оқыту бүгінгі педагогика саласының басты ұстанымына айналып келді.

Тәуелсіз Қазақстандағы білім берудің жаңа дәуірі басталғанымен бері Қарқаралы өңірінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің заманауи әдіс-тәсілдерін менгерген, ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие берудің өз ісінше шебері атанған ұстаздар қызмет атқаруда. Жанымызда жүрген жақсы ұстаздарды білген жөн болар. Қарағанды облысы білім басқармасы Құрмет грамотасы иегері Гүлмайра Бакирова О.Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп, Зәмзәгүл Казиева – «Бйбарай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, «Мәңгілік елдің мәртебелі мұғалімі» мерекелік медальдың иегері О.Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Құрмет грамотасының иегері Алмагүл Омашева, т.б. Бұл ұстаздар ХХІ ғасырдың білім мен біліктілік дәуірі екенін терең түсінген тұлғалар. Бүгінгі жасампаз жас ұстаздар Абай Құнанбайұлының: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» – деген тұжырымдамасына сәйкес бұл ғасырда әр жас ұрпақ өзін үздіксіз жетілдіріп, заманауи кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана қабілетін арттыра алатын озық технологияны менгеруде алдыңғы қатарға шықты.

Орталық Қазақстанның алтын тәжі – Қарқаралы білім берумен қатар ХХ ғасырдың басында қазақ азаттық қозғалысының алғашқы бесігі бола білді.

1905 жылғы «Қарқаралы петиция-

сы» еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең жоғарғы билік орындарына қазақ халқының құқығын қорғаған алғашқы құжат еді. Бұл азаттық манифесінде қойылған талаптар арқылы Алаш зиялылары қазақ халқының саяси сана-сезімінің оянуына және ұлттық идеологияның қалыптасуының бастауы болды. Бұл талаптар патша үкіметін қазақ халқының пікірімен санауға амалсыз мәжбүрледі. Петициядағы негізгі ұстанымдар Ресей империясының отаршылдық саясатын тоқтата қоймаса да, қазақтардың Ресейдің І, ІІ Мемлекеттік думаларына депутат болып сайлануына мүмкіндік алды. Сондай алғашқы депутаттардың бірі Қарқаралыда оқып, үлкен саяси аренаға шыққан – Әлихан Бөкейхан қазақтың болашақтағы ел болып қалу жолындағы бейбіт демократиялық күрестің идеяларын насихаттады. Қарқаралы жерінде ұстаздық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ – жоқ іздеген халық» – деген пікіріне сәйкес ХХ ғасырдың басында ұлттық идеологияның қазақ оқығандары оқу-білімнен іздеп, оның негізін Абай шығармаларынан көрді. Осының негізінде Алаш зиялылары Күлтегін тасына кәшіп жазылған «Ауыз бірліктің жоқтығынан бек ұлдарың күл болды, пәк қыздарың күң болды» деген даналығын өздеріне тұжырым ретінде қабылдап, оны күрес жолында пайдаланды.

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясында бәсекеге қабілеттілікті арттыру басты мәселе деп көрсетілген. Осы ұстаным ХХ ғасырдың басында Қарқаралы қаласының оқу-білімнің дамуына үлес қосқан қазақ зиялыларының еңбектерінде тұжырымдалып, болашақта жетістіктерге жету үшін ұлттық мүддені сақтау туралы ой-пікірлер Ахмет Байтұрсынұлының «Білім жарысы» атты мақаласында берілген: «...Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер қатыса алады... Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа... Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын мөлай-ты үшін шығарылатын нәрселер... Осыған ақыллы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әртүрлі істері істейді. Сол істердің бірі — білім жарысы...» деп көрсеткен.

Қорыта келгенде, Қарқаралы өз заманында білім және қазақтың азаттық-тәуелсіздік идеясының алтын бесігі болды. Ол идеяны ұсынған тұлғалар ХХ ғасырдың басындағы тәуелсіздікті және оқу-ағартуды рухани құндылық деп түсінді. Олардың атқарған саяси жұмыстары, бүгінге жеткен рухани мұрасы, азаттық қозғалысы туралы идеялары ұлттық идеологияның қалыптасу жолындағы теориялық ұстаным болып мәңгіге қалады. Қазақ зиялыларының еңбектері – өз халқының мұрасы ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігі. Өмір жолдары Қарқаралы жерінен бастаған қазақ оқығандарының негізгі өсиеттерінің бірі – рудың намысы емес, ұлттың намысы үшін басқалардан кемшілік көрмей, әлемдік деңгейдегі ұлттық мемлекет болу үшін оқу, білім алу және қызмет жасау деген ұстанымды бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының тұғыры болып саналады. Сондықтан өткенге тағзымды, бүгінгі тәуелсіздікті сақтай білуді оқыту педагогтардың басты парызы.

Нұрсаяхан БЕЙСЕНБЕКОВА,
Қуаныш ТҮСПЕК,
Е.Бекетов атындағы Қарағанды
университетінің оқытушылары

Арзан күлкіге құмар аудитория қалай қалыптасты?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тізе берсеңіз – көп. Әлеуметтік желіге кіре қалсаңыз, тойдағы сұмдықтардан көзіңіз сүрінеді. Таяқтың бір ұшы тойдағы жұртқа да тиеті. Өйткені, «Тұтыншы нені қаласа, өндіруші соны ұсынады» деген сауданың қарапайым заңдылығы бар. Шоумендер той иесі нені талап етсе, соны істейді. Өйткені, халыққа қазір шоу өтіп тұр. Ортаға қикалаңдап шығып, бұралқы сөзді әсірелейтін шоумен іздейтінміз жасырын емес. Саликалы басқаратын асабаны ұсынсаңыз, «іш пысады» деп бетін тартытады. Біз мұндай деңгейге қалай түстік? Өреміз неге төмендеді? Қазіргі аудиториямыз қандай және ол қалай қалыптасты? Және кейінгі тойларды жақтырмау сезімі қайдан бастау алады? Міне, бізді осы сауалдар толғандырады. Шама-шарқымыз жеткенше тарқатып көрелік.

Қарияларымызға осы сұрақты қойып ек, «заманның ағымы сол» деген жауап алдық. Бірақ, заман дегенімізді жасайтын – адамның өзі ғой. Біздіңше, бұл буынның ой, өресін жылдам, әрі арзан ақпарат пен бос күлкі көмген әлеуметтік желідегі сапасыз «контент» жаулаған. Бүгінде адамның айнымас серігі – смартфон. Оған даңғырлаған эстраданы қоссаңыз. Бір әнді жаттап үлгермей, келесі күні басқасы шығып жатады. Көбі – той



Коллаж жасаған Айбек Рахымов

әндері. Сан бар, сапа жоқ. Кітап түгелі ұзын-сонар мәтінді оқығысы жоқ. Ой салатын әнді тыңдағысы жоқ. Біз айтып отырған аудиторияға бәрі күлкілі, жеңіл болғаны – абзал. Ой қуатын уақыт тапшы. Жеңіл дүниеге құмар талғам хәм қалаулары тойда сипат алары сөзсіз. Осылайша, кейінгі толқын қалауын есірген шоуменнен табады. Ал, танымы, өресі, ақылы хәм санасы көркем әдебиетпен, газет, журналмен, қариялардың тағылымды әңгімесімен қалыптас-

қан XX ғасырдың буынына мұның бәрі ерсі көрінеді. Олардың кезіндегі тойдың төрт құбыласы түгел еді. Талғамдарына сай, жанның тәбетін ашатын. Той – ұлттық салт-дәстүріміздің дәріптелетін алаңы еді. «Беташар» да, «Жар-жар» да өз биігінде шырқалатын. Әжелер шашуын шашып, ақсақалдар батасын беретін (бүгінгі қариялардың батасын қарабайыр тілектен ажырата алмайсыз). Асабалар бүгінгідей қарияларды әжуаламақ түгілі, алдынан кесе-көлденең шықпай-

тын. Поэзия оқылып, классикалық әндер думан көркін қыздыратын. Әдеп сақталатын. Ұлттық ойындар ойналатын. Ой түйіні ретінде мынаны айтқымыз келеді: бір-бірінен кезек алған буынның талғамы, дүниетанымы той алаңында тартысқа түсіп жатыр.

Осы тақырып төңірегінде белгілі айтқысқы ақын, той саласында көп жылдық тәжірибесі бар Тілеген Әділовтің пікірін білген едік. Оның пікірінше, қазір ата-ананың емес, баланың дегені болады.

«Ебін тап та, жөнге сал»

Заман – түлкідей құбылды. Қазір алып цивилизация мен ұлттық иммунитет күреске түсіп жатыр. Тойымызға қарап, майданның бір шетін беріп қойғанымызды аңдауға болады.

Кінонің бәрін мына заманға шапандай жауып, тойды былықтырып жүрген шоумендерді ақтаудан аулақпыз. Олар алып цивилизациямен салт-дәстүрді, болмысты

сактап қалу үшін жүріп жатқан майданның сарбаздары екенін түсінуі керек. Көтергендері – нардның жүгі. Білім жиып, ізденіп, тойда отырған халқын тәрбиелесе дейміз.

«Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» (Абай Құнанбайұлы).

Халқымыз тойды асқаннан, тасқаннан жасамайды. Шаңырақ көтеріп жатқан жастарға елдің батасы тиісін дейді. «Баталы құл – арымас». Қуанышымен көбейсін деп бөліседі. Әуелдегі ниет – осы. Ал, құр бекерге мал шашып, ішіп-жеп, сайран салу, көрген-білгенінен тағылым алмау – тобырдың ісі.

Бір заманда жігіттің ұрыс машығын шыңдайтын көкпар, аударыспақ пен бөйте, теңге алу мен жамбы ату, күрес – ұланасыр тойдың көркі, ажырамас бөлігі еді. Қанына өлең мен оуез сінген дана ел түскен келінге айтатын онегесін қарапайым сөзбен емес, беташармен жеткізетін. Ұзатылған қыз да ішіндегі қимастығын тұла бойыңды елжіретер сыңсумен айтқан. Айтсы та қазіргідей зәулім сарайларда емес, тойларда өтетін. Тарихта қалған Біржан мен Сараның, Жамбыл мен Айкүмстің айтысы да әр рудың би, шешені, ақсүйегі, игі жақсылы бас қосқан думанды жиында болған. Мыңды айдаған байлар додада өз ауылының дақын шығару үшін палуанын, ақынды, бір өзі бір қойды егетін мешкейін ертіп барған. Ойлап отырсаңыз, қазақтың тойы жай ғана ішіп, жеңіп, көңіл көтеру емес. Дала философиясы аңқылған ауыз әдебиеті, жауынгерлікті, рухты шаңдайтын ойындары, тұтас бір ғылымға татитын салт-дәстүрі де осы той арқылы сақталып, жаңғырып отырған. «Той – қазақтың қазынасы» деп тегін айтылмаса керек.

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

«Еңбек бәрін жеңбек»

Қарағанды қаласында ерекше тігін фабрикасы жұмыс істейді. Оның ерекше аталуының себебі – тігіншілердің ондағы 60 пайызы мүмкіндігі шектеулі жандар. Фабрика Қазақстан мүгедектерінің конфедерациясы ұйымдастырған халықаралық «Жан шуақ» сыйлығының иегері. Оған қоса «Үздік жұмыспен қамтушы» атағын да алған. Бұған дейін тек киім-кешек тігумен айналысқан фабрика бүгінде сал ауруына шалдыққан балаларға орындық және экзотикалық киімдерді тігуді қолға алған.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұндай игі іске мұрындық болуға атсалысқан фабрика басшысының орынбасары – Асхат Жұмағұлов. Ол өзі екінші топтағы мүгедек. Осыған қарамастан Асхат ұзақ жылдар бойы ізденісте жүріпті. Ондағы мақсат – маңайына пайда, қоғамға көмегін тигізу. Бұл кәсіпке келмес бұрын Асхат пиар және маркетинг маманы ретінде еңбек еткен. Алайда, қатардағы көптің бірі болып, қоғамдағы, өзі секілді жарымжан жандарға көмек бере алмасын түсінін Асхат бәрін басынан бастауды жөн көріпті. Қазіргі таңда кәсіпорын арнайы тапсырыстар арқылы киімдер, ойыншықтар тігеді. Онда 58 адам жұмыспен қамтылған.

– Бәрі 2015 жылы небәрі екі тігін машинасымен басталды. Ал, енді үлкен істі қолға алып, қоғамға пайдамызды тигізудей қуат алдық. Сегіз жылдан бері нарықта өз орнымызды қалыптастырдық. Біз қазір облысымыздың үш үлкен мекемесімен келісімге отырдық. Енді солардың тапсырыстарын уақытылы орындауға жұмылдыдық. Атап айтсақ, арнайы жұмыс киімдері, сал ауруына шалдыққан балаларға кресло-орындықтар және экзотикалық киімдер. Ауру туа біткен, не дертке туғаннан соң шалдығытын балалар болады. Оларға дүкеннен немесе онлайн дүкеннен алған орындықтар кейде жарамай жатады. Көбінде өлшемі келмейді. Бізде бәрі керісінше. Өйткені,



біз арнайы тапсырыс арқылы жұмыс жасаймыз. Мысалы, ата-ана тапсырыс берер алдында дәрігердің нұсқауы бойынша баланың барлық жағдайын түсіндіреді. Әрі қарай біздің мамандар орындықтың компьютер бағдарламасы арқылы өлшемін алады. Содан кейін барып, оны жасауға көшеміз. Сондай-ақ, ерлер мен әйелдерге біздің фабриканың таңбасы бар спорттық киімдер де тігеміз. Ол киімдерге сұраныс өте жоғары, – дейді Асхат Жұмағұлов.

Мұндағы көп жұмысшы өз еңбектеріне дән риза. Себебі, шектеулі мүмкіндікке қарамастан басқаларға көмек беру арқылы өздерінің қоғам мүшесі екендеріне сенімдері молаяды. Мысалы, бұдан бірер жыл бұрын жол апатына түсіп, мүгедек болып қалған Дәркен Аймағамбетовті алайық. Ол бұған дейін құқық қорғау орнында қызмет еткен.

– Өздеріңізге мәлім, бізді

көп жерге жұмысқа ала бермейді. Бірақ, отбасы бала-шағаны асырау керек. Мұндайда сенің мүгедек екенің әсте естен шығады. «Жұмысқа алам» деген жерге таңдаусыз барасың. Алайда, менің жағдайым олай болмады. Осы жұмысымды өзім қатты жақсы көремін. Бастапқыда медициналық бетперде тігуден бастадым. Одан әрі қазір үлкен көлемде тапсырыс орындауда қатарымын қалмаймын. Тіпті, өзіме күнделікті жұмысқа да киімдер тігіп киімін. Маңайымдағы әріптестерім өзіме өте ыстық. Достарымның көбісі «Полиция мен тігіншінің

арасы жер мен көктей ғой» деп таңданады. Ал, менің айтарым адамда өмір сүруге құлшыныс барда, кез келген мамандықты меңгеруге болады, – дейді Дәркен Аймағамбетов.

Расында, мұндағы жанның бәріннің жүзінен жылу мен мейірім еседі. Біріне-бірі көмек сұрай барса, егжей-тегжейлі түсіндіріп, тіпті, тігіп көрсетіп, қатардан қалдырмауға тырысады. Олар өздерін бір отбасы санайды.

Кәсіпорын бұдан бөлек жаңа оқу орындарын және арнайы курстар ашапқ ниетте. Қаламыздың кез келген тігін фабрикасымен терезесі тең кәсіпорынның дамуға жағдайы толық жеткілікті. Асхат Жұмағұловтың сөзіне сүйенсек, 500 адамды жұмыспен қамтуға жаңа бағдарлама жасап, тиісті орындарға өткізген. Келешекте мұнда тігіншілер арнайы оқытылып, теориялық және практикалық білім алатын болады.

• ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Shet brand – сауда маркасы

Нұраталды ауылдық округінің Қызылқой ауылының тұрғыны – бизнесін жана бастаған кәсіпкер аяқ киім цехын кеңейту үшін Шет ауданы әкімінің грантына ие болды. Жас кәсіпкер Shet brand сауда маркасымен былғары аяқ киім тігуді жолға қоймақшы.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

32 жастағы Нұртілек Бектұрсынов – Қызылқой ауылының тумасы. Білімі бойынша ол тігінші-сәенгер. Ұлттық киімдерді де, классикалық костюмдерді де оп-оңай тіге алады. Бірнеше жыл бұрын Нұртілек аяқ киім тігу бизнесінің негіздерін меңгерген екен. Әмбебап шебердің облыстың тігін өндірістерімен қоян-қолтық іс-тәжірибесі жеткілікті көрінеді. Қарағанды аяқ киім фабрикасымен және «Нұрәсем» сән үйімен бірлесе жұмыс істейді.

– Әуелі Көкшетаудағы колледжде оқыдым. Үнемі білім денгейін арттыруға тырысамын. Тіпті, алыс-жақын шетелге кәдесый ретінде алып кететін ұлттық нақыштағы шапандарды да, түрлі былғары аяқ киімдерді де шебер тігемін. Қолдан келер өнімдер ассортименті бай, – дейді Нұртілек. – Бірнеше жыл бұрын туған ауылыма оралып, үйде аяқ киім цехын аштым. Сұранысқа ие бұйымдарды да іске жарата беремін. Бұл орайда маған жұбайым мен анам көмектеседі. Егер қомақты тапсырыстар түссе, жергілікті тігіншілерді жұмылдырамын. Аяқ киімді жөндеумен де айналысамыз.

Гранттар байқауына Нұртілек цехты кеңейту үшін қатысуға шешім қабылдаған. Ол аяқ киім тігу үдерісі әжептәуір шығынды



қажет ететінін атап өтті.

– Былғарыдан аяқ киім тігемін. Бізге қымбат әрі сапалы жабдық қажет. Қуанышыма орай, миллион теңге көлеміндегі грант ұтып алдым. Бірақ, шынымды айтсам, бұл ақша өндірісті кеңейту үшін жеткіліксіз, – деді кәсіпкер. – Жақын келешекте облыс әкімі атындағы грант байқауына және басқа да мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды көздеп отырмын. Көріп отырғаныңыздай, жоба ауқымды, күрделі. Өйткені, облыста, тіпті, ел ішінде де аяқ киім тігетіндер некен-саяқ. Негізінен нарықты импорт жаулап алған. Есесіне Shet brand маркалы желіні іске қосқым келеді.

Кәсіпкер кадр тапшылығын да алға тартады. Түйткілді оңтайлы шешу үшін Нұртілек тілек білдірушілерге жеке оқыту жүргізуге даяр.

Цехты кеңейту кезінде, алдымен 10 адамды жұмысқа қабылдауға әзірмін. Қазірдің өзінде өз өнімдеріме қызығушылық танытқан үш ірі компаниямен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасастым, – деді Нұртілек.

Жоба өрісін Шет ауданы Жастар ресурстық орталығының басшысы Асхат Ахметов та растайды.

– Цехқа барып, жұмыс барысымен таныстым. Конкурсе жарияламас бұрын ауданның барлық шалғай ауылдарын аралап, жастарды барынша хабардар еттік. Байқауға барлығы 20-дан астам өтінім тапсырылып, 12 адам грант алды, – дейді Асхат Ахметов. – Егер бұрын үміткерлердің көпшілігі аудан орталығынан болса, биыл барлық округтерден келген жас кәсіпкерлер қатысты.



Комиссия құрамында мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, бизнес-жоспарларға кәсіби баға берген жұмыс істеп тұрған көнігі кәсіпкерлер де болды. Шет ауданы

Құттықтаймыз!

Аяулы досымыз Жанат Жүсіпқызы Мұсатаеваны асқаралы 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жанат ЖҮСІПҚЫЗЫ – 1963 жылы 25 тамызда Қарқаралы қаласында дүниеге келген. Бүгінде немере сүйіп отырған ардақты әже. Жетпіске қарай желкен керіп отыр.

Жанат досымыз табиғатынан адал еңбек еткенді жаны сүйетін жүзі жылы жан. Біреудің ақысын жемей, еліне емірене қызмет етіп келеді. «Бай болсаң, халқына пайдаң тисін» демекші, өз кәсібінен нәсібін тауып отырған өте еңбекқор жан.

Отбасына қамқор болып, туған-туыстарға қол ұшын беріп, қаншама адамды жұмыспен қамтып отыр. Маңайына үлгі, достары мен әріптестеріне сыйлы арда азаматша.

Жанат Жүсіпқызына ұзақ өмір, мықты денсаулық тілейміз.



Туған күнің құтты болсын, Жанатжан, Адал жансың елді өзіне қаратқан. Өз биігің, беделің бар бүгінде, Ұзағынан сүйіндірсін Жаратқан!

Дос лебізін өз сыйың деп біле гөр, Өмір қысқа, жарқырай бер, күле бер. Жакындардың арасында жайнандап, Арамызда жүзге дейін жүре бер.

Барлық достарының атынан құттықтаушы: **Сымбат, Марғұлан, Ергали, Сырым, Қайыржан, Бағдат, Нұржан**

№496

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ЕҢБЕК АДАМЫ

Майгүл – «Мәдениет майталманы»

Бұл атақ Майгүл Насырқызы Асқароваға 2012 жылы Бұқар жырау ауданы әкімінің арнаулы сыйлығын алғанда берілген. Басқа да марапаттары жеткілікті болғанымен, осы ауданның мәдениет саласында ширек ғасыр бойы еңбек етіп келе жатқан өзіне оның жөні бөлек...

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Таттымбет ауылында 1971 жылдың 27 сәуірінде зоотехник Насыр мен аспаз Әуияның шаңырағында 11 баланың кенжесі болып дүниеге келген. Туған жеріндегі орта мектепте оқып жүрген кезінде-ақ жұрт алдына суырылып шығып, әсем дауысымен қазақ әндерін тамылжыта орындайтын.

Ол мәдениет қызметкері боламын деп әсте ойламаған. Ауылындағы орта мектепті 1988 жылы бітірген Майгүл Абай атындағы Саран педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны 1991 жылы бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша аяқтап, еңбек жолын өзі оқыған мектебінде бастады.

Ал, Ботақараға көшіп келгенде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне хатшы болып орналасты. Өзінің бойындағы бар қабілетін танытуға мүмкіндік енді туғанын түсінді. Салған беттен мұны жылы қарсы алған аталған мекеменің басшысы Мүгісім Шибаяева, аудандық мәдениет үйінің директоры Раушан Жұманова, көркемдік жетекшісі Құралай Аюпова мен олардың төңірегіне топтасқан Қалиасқар Шыныбеков, Қазыбек Талашев, Оралбек Жұмашевтер болды. Олар мінсіз ашық, елгезек жасты өз орталарына жатсынбай қабылдап, бірден тонның ішкі бауындай араласып кетті. Міне, соған да ширек ғасыр толыпты...



«Мәдениет майталманы» Майгүл Асқарова

Осы жылдар ішінде Майгүл Асқарова аудандық кітапханада кітапханашы, әдіскер, аудандық мұражайдың экскурсия жетекшісі, қайтадан кітапхананың жаңа жұмыс түрлері бойынша аға кеңесшісі болып істесе, 2021 жылдан бері кітапханаларды дамыту бөлімінің меңгерушісі қызметінде. Сол аралықта Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетін 2014 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша сырттай оқып та алған. Алайда, Құдай қосқан қосағы Мақсаттың мезгілсіз дүниеге келуі мен балаларына қатты батқан. Дәл осындай ауыр сәтте көңілін серпілтіп, қайғысын сөйлітуге өнер мен мәдениет ортасында, жанашыр достарының ортасында жұмыс істеуінің әсері болғаны анық. Шүкір, бүгінде Ақзери мен Сайяны, Қуанышты аяқта-

рынан тұрып, Темірлан есімді жиенін сүйіп те үлгерді. Өзінің жолын қуған Сайяны «Зерде» бейнемоделінің мәдени ұйымдастырушысы болып істейді.

Мен білетін Майгүл бір ғана кітапханашылықты місе тұтпайды. Бойына бірнеше өнер тоғысқан ол өлкетанушы, сценарист, қаншама кештерді ұйымдастырып, жүргізуші, көрме залдарын безендіріп, кітап құрас-тырып, айтыс өнерін насихаттап, деректі фильмдер де түсірген. Осы жасаған шаруаларына көңіл толып, көз сүйінеді.

Мәдениет саласының жұмысы бірден баурап, өзіне тартып әкетті. Ойларым мен идеяларымды жүзеге асыруға түрткі болды, – дейді Майгүл.

Енді, биыл ол «Ұлылар мұрасы – ұрпаққа үлгі» атты жоба бойынша Бұқар жырау Қалқаманұлының 355, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 165, Шопанай Әмірхановтың 100 жылдығына арналған квест ойынын ұйымдастырып, жүзеге асыруды қолға алды. Осы

мақсатта квест ойындары 3 аялдамаға бөлініп, оның біріншісі «Құпия сөз» аялдамасы Ботақара кентінде бастау алып, Шопанай Әмірханов жайлы тұрғындарға ақпараттық деректер берілді. Кітапханашылар торкөздерге жасырылған сөздерді толтырып, Шопекен ұрпақтары естеліктерімен бөлісіп, аудандық кітапхана қорына оның портреті мен арнайы тіккізген бас киімін сыйлады. Келесі «Тарихнама» аялдамасына Бұқар жырау толғауларын жатқа оқуды өзі бастап, кітапханашылар оны жалғап, соңғы нүктесі кенттегі Бұқарекен ескерткіші алдында қойылды. Ал, кейінгі «Сырлы сандық» аялдамасында кітапханашылар Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіптің кесенесіне сапар шегіп, онда Майгүл әулие ақын туралы өзі дайындаған деректер топтамасын Мәшкен мұражайына табыстады. Кесенеге барғандар оған дұға бағыштап, квест ойының қорытындысы шығарылып, 15 кітапханашыға Алғыс хат тапсырылды.

Бесәсап маман, мәдениет майталманы Майгүл Асқарова жиырма бес жылғы еңбегі үшін 2019 жылы облыс әкімінің «Ауылдың үздік кітапханашысы» сыйлығын алды. Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары жетерлік.

Бірақ маған бәрінен де бұрын «Мәдениет майталманы» деген атағым қымбат. Бұқар жырау ауданының мәдениет саласындағы ширек ғасырлық еңбегімнен одан асқан бағаның қажеті жоқ, – дейді Майгүл.

Бұқар жырау ауданы

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

«Орталықты» сайттан да оқи аласыздар:
WWW.ORTALYQ.KZ

№409

Мақсұт Қанапияұлы САДУАҚАСОВ

22 тамызда 81 жасқа қараған шағында ел-жұртына сыйлы, дос-жарандарына қадірлі болған ауыл шаруашылығы саласының саңлағы, Шет ауданының Құрметті азаматы Мақсұт Қанапияұлы Садумақасов өмірден озды. 1943 жылдың 16 мамырында Осакаров ауданының Маржанкөл ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, Ақмола ауыл шаруашылығы институтын 1965 жылы тәмамдап, ауыл шаруашылығы өндірісінің механикаландыру факультетін аяқтап, инженер-механик мамандығын алады.



Еңбек жолын «Нұраталды» кеңсінде қатардағы механиктік жұмыстан бастап, шаруашылықтың бас инженер-механигі қызметін атқарады. Жұмысқа деген жоғары ұйымдастырушылық қабілетін байқаған ауыртқомның бірінші хатшысы Камали Дүйсембеков Мақанды 29 жасында ауданның шалғайда орналасқан «Қарабұлақ» совхозына директорлыққа жолдама береді. Бұл шаруашылықты 2-3 жылдың ішінде аяққа тұрғызып, мал шаруашылығы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізеді.

1980-1984 жылдары Ақадыр ауданының ауылшаруашылық саласына басшылық жасайды. Аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

1984-1994 жылдары Өспен совхозының директорлық лауазымында болып, кеңсінде экономикасы мен тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын көтеруге аянбай еңбек етеді.

Осы жылдары Жезқазған облыстық Кеңестің депутаты болып халықтың әл-ауқатының жақсаруына өзінің үлесін қосады.

1994-2006 жылдары «Талды» жекеменшік кәсіпорынның жетекшісі болып еңбек етті.

Мақандың ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және «Тың жерлерді игергені үшін» 10, 20, 50 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталған. Мақандың отбасына, балаларына, бауырларына, жақын туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болып, орныңыз пейіште болсын.

М.Мұхтаров, С.Социал, Д.Карсембаев, М.Жұмкин, О.Стыбай, М.Жонкина, Н.Төлеуқұлов, Ө.Қызылов, Б.Доскеев, М.Сатыбалдин, Б.Жұмкин.

№499

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Спорт алаңдары алаңдатады

Быттыр Қарағанды қаласындағы футбол алаңында орнатылған қақпа баланың үстіне құлап кеткен. Мұндай оқиға қайталанбас үшін полиция қызметкерлері жана оқу жылы алдында тұрғын үйлер мен мектеп аулаларында орнатылған барлық спорт алаңдарының техникалық жағдайын тексерді.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізінен біз футбол алаңдарын тексердік. Қарағанды қаласының аумағында 171 футбол алаңы бар. Оның 138-і толық тексерілді, ал қалған 33 футбол алаңында орнату жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Тексеріс барысында 13 алаңнан қателік шықты. Олар – спорт инвентарларының

нашар бекітілуі, негізгі тіректерінің осалдығы, қоршауларының бүлінуі және кейбір жерлерде үзілген электр сымдары, – деді Қарағанды қалалық полиция басқармасының бастығы Шахназар Салин.

Қазіргі уақытта спорт алаңдарын салып жатқан мердігер компаниялар полиция қызметкерлері тапқан кемшіліктерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жесе және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

31.08.2023 ж. бастап 5 күн бойы Бірыңғай экологиялық порталда Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, 134-орам, 939 учаскесі мекенжайы бойынша «Hyundai Karaganda автоорталығының құрылысы» жобасына ҚОҚБ бойынша жария талқылаулар жүргізілетінін хабарлаймыз. Жобалық құжаттама <http://ecoorportal.kz> орналастырылған. Бастамашысы: «MYCAR QARAGANDY» ЖШС, Қарағанды қ., Камсқа көшесі, 91/12 құрылыс, тел. 8 (7212) 502260. Әзірлеуші: «Ecoline Service Plus» ЖШС, БСН 050640013557, Тел. 8-701-4832827

Уведомляем, что с 31.08.2023 г. в течении 5 дней на Едином экологическом портале будут проводиться публичные обсуждения по РООС к проекту «Строительство автоцентра Hyundai Karaganda» по адресу: г. Караганда, район Кызыбек би, 134 квартал, участок 939. Проектная документация размещена на <http://ecoorportal.kz>. Инициатор: ТОО «MYCAR QARAGANDY», г. Караганда, улица Камсқа, строение 91/12, тел. 8 (7212) 502260. Разработчик: ТОО «Ecoline Service Plus», БИН 050640013557, Тел. 8-701-4832827

№494

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Мем.лицензия: KZ831AA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№409

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

«Бәйтеректің» белесі

Көкпардан Қырғызстанда өткен Президент кубогі әлемдік деңгейде тамашаланды. 22 елден жиналған көкпаршылардың дүбірлі додасы мәреге жетті. Төрткүл дүниені тікелей эфирге телмірткен «Ұлы дала ойынына» қарағандылық «Бәйтерек» командасының белді ойыншылары «Астана» атынан қатысып, II орынды еншілеп қайтты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ойынға көкпардың ең танымал палуандары мен арғымақтары қатысты. Қырғыз ағайындардың атышулы «Сары-Озон», «Мурас», «Ынтымақ» командаларының өзі – бір әңгімеге арқау.

Алғашқы ойын, әрине, қос мықты команда «Ынтымақ» пен «Сары-Озон» арасында өрбіді. Аптап ыстықта арғымақ үстінде көк серкеге таласып, арпалысқан көкпаршыларды алаңдатқан жалғыз жай – салым. 30-35 келі болатын серкенің жамбасы ойын басталысымен жұмталанып, еті қақырап, сирағы сидиып қалды. Осының өзі көкпарды екінің бірі ойнай алмайтындығының айғағы емес пе?!

– Бізде Башқұртстанда көкпар ойнайды. Алайда, тап осылай басын бәйгеге тігіп, беріле ойнамайды. Бұл – нағыз адреналинге толы экстрималды спорт. Бірін-бірі ондырмай қаққанда палуандар мыңқ демейді. Меніңше, көкпарды мүлде білмейтін адамның да қарап тұрып, қызығушылығын тудырып, делебесін қоздыратын ойын, – деп атап өтті Башқұртстаннан келген жанкүйер Адигам Адип.

Расында, көкпар – көлденең өткенді бейжай қалдырмайтын ерекше ойын. Палуанның білек күші, ақыл-айласы, атының ептілігі танылар ұлттық спорт.

Сонымен «Сары-Озон» мен «Ынтымақ» командасының ойыны өте тартысты өтті. Десек те, «Ынтымақтың» бәсі басым түсіп, ақтық сынға жолдама алды.

Бұл ойынға көп көкпаршы атсыз келген. Олардың айтуынша, атты алып жүру көп күшті және қаражатты талап етеді.

– Көкпарды жастайымынан тартамын. Бізде Алтай өңірінде Құдайдың құтты күні көкпар. Аттарымыз да белді, жақсы. Бірақ мұнда аттарды әкеле алмадық. Ол үшін арнайы ат таситын көлік, оның күндік жем-шөбі және суын қамтамасыз ету шарт. Әйтпесе, алыс жолдан ат қалжырайды. Дегенмен, осындағы ұйымдастырушыларға дән ризамын. Атсыз келген палуандарға да дайындап беріп, көмек қолын созуда. Менің астыма атақты «Мерседес» деген тұлпар тиді. Өзі осы неміс автокөлігінің атына әбден лайық екен. Тебініп қалсаң, ытқып, үстіндегі адамға жайлылық танытады, – дейді «Алтай» командасының ойыншысы Сұрғал Темдеков.

Қырғыз ағайынның атқа ынтасы ықпалы заманнан бері мәлім. Түбі бір түркіден тараған қандастардың қазақтан



айырмасы аз. Ал, атқа қарауы, баптауы, тап қазаққа тән. Кешегі Қарағандының Нұрасынан, Нұрлан Намысовтың атқарасынан шыққан «Намыскөктей» көкпар атының бабы мен бағын тең танытқан да осы қырғыз ағайын. Бір «Баронның» (қырғыз көкпар аты) бірнеше аңызға бергізінші еңгімесі бар. Ат пен адамды бір бүтін еткен көкпар ойынын ерекше көретін қырғыз жұртының «Достық» пен «Мурас» командасының ойынынан да байқадық. Ойынның соңғы сәттерінде «Мурас» жеңісті қарсылас команда «Достықтың» қанжығасына байлап, «Достыққа» дос болып қалды. Себебі, қос команданың қарқыны адам мен атқа обал тиетін еді. Бірнеше көкпар аты жазым болардай сәттер өтті. Мұны Америка, Германия сынды ірі елдерден келген жанкүйер қауым да мойындады.

– Әлемде дәл осындай спорт түрі бар десе, сенбес едім. Көзімнен көріп тұрмын. Не деген көзсіз батырлық?! Жануарлардың өзі саналы. Олар үстіндегі адамның қимылына қарай қозғалады. Мен ойынға қатысқан бірде-бір палуанның көзінен қорқыныш көрмедім, – деп таңданыспен алған әсерін жеткізді америкалық блогер Джей Мерфи.

Асылында, көкпар ойыны әлемдік деңгейге енді танылуда десек, артық емес. Қазақ-қырғыздың жұмыла жасаған істері мұрындық бұған. Алаң шетінде

орналасқан қос қазандыққа қатты екпінмен жеткен атты тежей алмай талай палуан омақасы түсіп, жарақат алып жатты. Бұл көріністің бәрі көрер көзге қызық

дан танбады. Қарсылас командалардың қорғанысы қаншалықты мықты болса да, ұрымтал тұсын тауып, ұтуды көздеді.

Ал, біздің «Астана» командасы бастапқы ойынның жерлері «Жетісумен» ойнап, жеңіске ие болды. Екінші кезеңде тағы да «Түркістан» командасымен алаң бөлісіп, оны да ондырмай жеңді. Ақтық сында қос команда бас жүлдеге таласты. Ол қазақстандық, оның ішінде, қарағандылық палуандар сап түзеген «Астана» командасы мен қырғыздың «Ынтымақ» командасы.

Әлемнің түпкір-түпкірінен келген 22 ұлттың өкілі арасынан суырылып алға шыққан «Астана» командасының ойынына жұрт тамсана қарады. Қарсылас ойында қырғыздарға атойды салып бақты. Команданың «мен» деген білекті ойыншылары – Ерлан Оспанов, Рамазан Шалғынбаев, Жалғас Боранов, Ерганап Молдабаев, Алмас Қарыбаев, Еламан Әдесханов қарағандылық үздіктер. Олардың арасында қарағандылық ат «Мессис» де бар. Ойындағы түрлі қимылы мен жалтарыстары жалпақ жұртқа жағып-ақ барады. Ойын соңында біздің жігіттер тыныстаған сәтте шабуылға шыққан қарсылас команда жеңіске жетті. Алайда, Арқа жігіттерінің ұпайы түгел, абыройы асқақ. Бұл туралы, тіпті, әлемдік «МИР 24» телеарнасының тілшісі Азамат Қасымбеков те жазды.

– Жоғарыдан қарағанда, рух көтеріліп, жан тебіренеді. Ойынның бір сәтінде



та, шыжық та. Бірі бұл сәттерге таңдана, енді бірі құлаған ат пен адамға жаны ашыды.

Сонымен жартылай финалға «Ынтымақ» пен «Достық» командасы шығып, екеуара серкеге талас басталды. Алғашында бірін-бірі бағып, қорғаныс күшейткен командалар ойын ортасында ашық шабуылға шықты. Қалай да болсын, «Ынтымақ» командасы жедел әрі кәсіби қимылы арқасында қарсыласын қапы қалдыру-

рухтансақ, екінші сәтінде қамығамыз, қуанамыз. Ат пен адамның селбесе жасаған әрекеті Гералк аңызындағы «Кентаврларды» көз алдыма әкелді. Көкпар – шынымен, нағыз ер жігіттер ойнайтын ойын, – деп атап өтті ол өзінің әлеуметтік параквасында.

Ойыннан алған көптің әсері тарихқа тағы тарау қосты. Бұл Қырғызстанда өтіп, Қарағанды палуандары алдына қара салмаған алғашқы ойын.

• ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Ұлттық ойын – әлем назарында

Тоғызқұмалақ ойыны Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының бағдарламасына енгізілді. Мәдениет және спорт вице-министрі Сәрсен Құраббектің айтуынша, министрлік тоғызқұмалақтың дамуына ерекше көңіл бөлінетін болады.

Бүгінде барлық облыста, Алматы, Астана қалаларының денешынықтыру және спорт мектептерінде тоғызқұмалақ бөлімдері, ұлттық спорт түрлері бойынша 10 жеке клуб жұмыс істейді. Елімізде 6800 тоғызқұмалақ үйірмесі бар.

Вице-министр тоғызқұмалақ ойынына Спорт қоры деңгейінде де министрлік тарапынан қолдау көрсетіле бастағанын атап айтты.



• ТЕННИС

Бағы мен бабы қатар шапты

Қарағандылық теннисші Әмір Омарханов Египеттің Дакахлия қаласында өткен «ITF Juniors j100 Dakahlia» деп аталатын халықаралық турнирде топ жарды.

Бұл – жасөспірімдер категориясындағы кіл мықтылар қатысатын белделі дода. Әмір Омарханов – Қарағанды теннис мектебінің тәрбиеленушісі. Жасы – 15-те. Ақтық сында ресейлік Артем Богомоловпен ойнады. Қарсыласын бірінші сетте 5:7, екіншіде 6:1, үшіншіде 7:5 есебімен жеңді.

Әмір финалға дейін кездескен қарсыластарының барлығын да айқын басымыздықпен ұтқан. ITF-тің жасөспірімдер рейтингінде жерлесіміз осы жеңісінің арқасында бірден 66 сатыға жоғарылады. Қазір 198 орында.



• ТУРНИР

Өнерпаздар доп тепті

Қарағандыда БАҚ өкілдері мен өнерпаздар арасында шағын футболдан I облыстық турнир өтті. Оған 8 команда қатысты. Айтбай Жағұл, Саят Әбдіғали, Ботабек Тілеген, Дилар Қами, Қайрат Иманбек, Нұрмұхамед Байсүгіров сынды өнер иелері қош бастан келді.

– Басты мақсат – өнер адамдарының басын біріктіріп, ынтымақта, тағулықта болу. DOSTYQ LEAGUE лигасы аясында бір күндік DOSTYQ CUP турнирін алғаш рет ұйымдастырдық. Енді жыл сайын дәстүрлі түрде өтеді. Кубок ауыспалы болмақ, – делі DOSTYQ LEAGUE лигасы президенті, шараны ұйымдастырушы Аман Хамит.

Тартысты өткен додада I орынды «Сарыжайлау», II орынды «Доп-жарған», III орынды «Айттыскер» және IV орынды KRG MEDIA командасы жеңіп алды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ТАҒЫМ

Ескерткіш тақта қойылды

Ақтоғай ауылының Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ғимаратына ауданның ардақты азаматы, Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы, марқұм Әзібек Смағұловтың құрметіне ескерткіш тақта орнатылды.



Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы шараға Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А.Аманжолов, облыстың Құрметті азаматы С.Дүйсебеков, ауданның Құрметті азаматы Қ.Сәдуақасов, еңбек ардагері Т.Ахметбеков, спорт ардагері А.Мұқанов пен марқұмның қызы Г.Смағұлова қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Аудандық спорт мектебінің негізін қалаушы әрі алғашқы директоры болған Әзібек Смағұловтың есімін жас ұрпаққа

өнеге етіп, мәңгілік есте қалдыру мақсатында қойылған ескерткіш тақтаны марқұмның зайыбы Мәкилә Аманжолова мен бауыры Сағадат Дүйсебеков ашты.

–1955 жылы Әзібек екеуіміз шаңырақ көтердік. Әзібек өзінің талабы мен зеректігі, ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы арқасында білікті де білгір маман атанды, – деді зайыбы Мәкилә Аманжолова.

Ақтоғай ауданы

• САЛТАНАТ

Спортшыларға құрмет

Елімізде 2004 жылдан бері тойланып келе жатқан Спорт күні Саран қаласында да аталып өтті. Бұл қала мен оның аумағындағы Ақтас кентінде кейінгі жылдары бұқаралық және кәсіби спортқа баса көңіл бөлініп, жұртшылық арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру бағытында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Мұнда балалардың спорт және ойын алаңдары көптеп салынып, сарандық спортшылар облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүр.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соған орай Сарандағы Мәдениет үйінде өткен салтанатта ең бірінші кезекте жаттықтырушылар Т.Қуат, Е.Айдарбеков, В.Фелченко, Б.Ермағанбетов, А.Иверская, Е.Глотовтарға құрмет көрсетілді. Оларды қала әкімінің міндетін атқарушы Алмас Сүлейменов мерекемен құттықтап, Құрмет грамоталарын табыстап, нықтарына шапан жауып, А.Иверскаяға камзол кигізді.

Келесі кезекте сарандық бір топ спортшы марапатталды. Әсіресе, солардың ішінде паралимпиадалық спорт түрінен дүбірлі додаларда топ жарып жүрген Айгүл Балмағамбетова айтуға тұрарлық. Ол жуырда ғана Жапониядағы халықаралық турнирден қола медальмен оралған. Осының алдында Айгүл Италия, Словакияда өнер көрсетіп, көрермендерін өмірге, спортқа деген жігерімен тәнті қылыпты.

САРАН СУРЕТТЕ: спортшыларды марапатау сәті

